


Саранның салтанаты артып келеді  
2-бет



Жасыл болашақ бастауы  
3-бет



Кристина бағындырған биіктік  
8-бет



## Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мемлекеттік рәміздер – біздің Тәуелсіздігіміздің, егемендігіміздің және ұлттық бірлігіміздің ажырамас бөлігі. Олар біздің халқымыздың тарихын, рухани құндылықтарын және бейбітшілікке, жасампаздық пен өркендеуге деген ұмтылысын бейнелейді.

Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран әрбір қазақстандықтың ерекше мақтаншы болып табылады. Олар бізді біріктіріп, отансүйгіштік пен еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сезімін нығайтады. Қазақстанның Мемлекеттік Туының астында біздің отандастарымыз ғылымда, мәдениетте, спортта және басқа да салаларда елімізді халықаралық аренада танытып, жетістіктерге қол жеткізуде.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет әрқашан біздің азаматтық мәдениетіміздің маңызды бөлігі болып қала береді. Мерекеге орай баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік, амандық және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз. Еліміз дамып, өркендей берсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы әрқашан бейбіт аспан астында желбірей берсін! Мереке құтты болсын!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Нұркен ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## • БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

# Қыран қанатындағы қасиет

Кез келген халықтың тарих наснасында мемлекет ретінде сақталып, іргесінің сөгілмей тұруы тек оның экономикалық қуаты мен әскери әлеуетіне ғана байланысты емес. Мемлекеттіліктің көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін, бірақ әрбір азаматтың ішкі рухын қозғап, тұтас бір ұлтты ортақ мүддеге біріктіретін қиыны бар. Ол – Мемлекеттік рәміздер.

**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдетте біз Туды, Елтаңбаны және Әнұранды заң жүзінде бекітілген, ресми іс-шараларда қолданылатын саяси атрибуттар ретінде ғана қабылдауға дағдыланғанбыз. Алайда осы бір қасиетті нышандардың астарына үңілсек, олардың жай ғана геометриялық пішіндер мен бояулар емес, бойына ұлттық генетикалық қодың, бабалардың ғасырлар бойғы арманы мен болашақ ұрпақтың аманатын сыйдырған тірі ағза іспетті тылсым сипаты бар екенін аңғарамыз.

Көк Тудың түсі – ежелгі түркілік танымыдағы Көк Тәңірінің, шексіздік пен бейбітшіліктің символы. Ортасындағы алтын күн мен оның астында қанат жайған қыран құс еркіндік пен асқақтықтың, мемлекеттің кемелділігінің көрінісін сипаттайды. Ежелгі замандардан бері майдан даласында туды құлатпау, оны жанның артық қорғау тек әскери бұйрықтан емес, сол Тудың бойындағы қасиетті күшке деген сенімнен туған. Ту жығылса, рух жығылады, мемлекет құлайды. Міне, осы тұрғыдан алғанда, біздің Көк байрағымыз бүгінде еліміздің тәуелсіздігін сыртқы күштерден қорғап тұрған рухани қорғанымыз іспетті.

Елтаңбамызға көз жүгіртсек, оның әрбір бөлшегінен ежелгі көшпелілер мәдениетінің тылсым философиясын көреміз. Оның орталық элементі – Шаңырақ. Шаңырақ қазақ үшін – әулеттің, ошақтың, мемлекеттің киесі, ұрпақтар сабақтастығының алтын діңгегі. Ал Елтаңбаның екі жағындағы қос қанатты пырақтар (тұлпарлар) – қазақ мифологиясындағы тылсым күштердің, уақыт пен кеңестікті бағындырған асқан жүйріктік пен адалдықтың белгісі. Бұл бейнелер мемлекетті пәле-жаладан, сыртқы сұқ көздерден қорғайтын бойтұмар рөлін атқарып тұрғандай әсер береді. Пырақтардың алтын қанаттары болашаққа деген ұмтылысты, ал төбесіндегі бес бұрышты жұлдыз жол сіл-



тейтін жарық жұлдызды, халықтың бақытты болашағын меңзейді. Осы элементтердің үйлесімі мемлекеттің іргесі мығым, шаңырағы биік болуын бейнелейтін үлкен энергетикалық жүйені құрайды.

Қазақстанның Әнұраны – ұлттық қодтың дыбыстық толқыны. Әнұранның әрбір нотасы мен әрбір сөзі халықты бір толқынға тоғыстырып, ортақ максатқа жұмылдыратын мистикалық күшке ие. Ол біздің санамызға бабалардың ерлігін, жеріміздің кеңдігін және еліміздің айынын құйып тұрады.

Рәміздердегі рух байланысын тарқата отырып, алып-қосар ойымыз да қылаң беріп отыр: Мемлекеттік рәміздер – елдіктің белгісі, егемендіктің айнымас айғағы. Алайда, бүгінде біз осы қастерлі құндылықта-

рымызды лайықты деңгейде ұлықтай алып жүрміз бе? Бұл сауалға Мемлекеттік Елтаңбаның авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жандарбек Мәлібеков Рәміздерге қатысты конференцияда жауап қайырыпты. Ол ұлттық рәміздерді насихаттау жұмыстарының жүйесіздігіне, оның тек атаулы күндердің көлемкесінде ғана сипатта қалып қоятынына қынжылыс білдірді.

Автордың айтуынша, бізде рәміздер күніне орай жылына бір апта немесе он күндей ғана кездесулер мен іс-шаралар өткізіліп, кейін ұмыт қалады. «Бір конференциямен ғана мәселе шешілмейді» деген Жандарбек Мәлібеков бұл үдерістің терісін қайта қарау тиіс екенін алға тартады.

Елтаңба авторының пайымдауынша,


рәміздердің мәні мен мағынасын, олардың терең тарихы мен құндылығын балабақша қабырғасынан бастап, мектеп, жоғары оқу орындарында және ауыл жастарының бойына тұрақты түрде сіңіру қажет. Бұл – ұрандатып қана орындайтын міндет емес, ұрпақ санасына үздіксіз құйылатын рухани азық болуы тиіс. Жастар Көк байрағымызды тек ресми жиындарда емес, жүрек қалауымен үйінің төріне ілгенде, қолдарына мақтанышпен алғанда ғана шынайы патриотизм оянады.

Көк Туымыз тұғырынан таймай, Елтаңбамыз еңселі болып, Әнұранымыз асқақтай берсе, мемлекеттігіміздің де рухани қалқаны мықты, болашағы баянды болмақ.

## • МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# Құрғақшылықтан қауіп бар ма?

Қарағанды облысында маусым айында ылғалдану жағдайларының басым бөлігі климаттық норма шегінде қалыптасады деп күтіледі. Дегенмен, өңірдің жекелеген аудандарында бірқалыпты құрғақшылық белгілері байқалуы мүмкін. Мұндай қорытынды «Қазгидромет» РМҚ жариялаған 2026 жылғы маусым айына арналған стандартталған жауын-шашын индексі негізіндегі алдын ала болжамда айтылған.



Коллаж жасаған Арайлым Қоспаева

Қарағанды облысы бойынша «Қазгидромет» филиалының Метеорологиялық болжау бөлімінің басшысы Айжан Қосубаеваның айтуынша, жаз мезгілінде жауын-шашынның таралуы біркелкі емес.

– Жазғы кезеңде жауын-шашын көбіне жергілікті сипатта түседі. Сондықтан бір ауданның өзінде ылғал жеткілікті және құрғақ учаскелер қатар кездесуі мүмкін. Осыған байланысты ауа райы болжамдары мен метеорологиялық жағдайларды

тұрақты бақылап отыру маңызды, – дейді бөлім басшысы

Сонымен қатар, Ақтоғай, Нұра және Шет аудандарын ерекше бақылау ұстап отыр. Аталған аудандарда бірқалыпты құрғақ жағдайлардың қалыптасуы ықтималдығы болжанған.

Ақтоғай ауданындағы Бектауата бақылау пунктінде стандартталған жауын-шашын индексі теріс мән көрсеткен. Сол сияқты Нұра ауданындағы Киевка және Шет ауданындағы Жарық метеостанцияларында да ылғал тапшылығының белгілері байқалады.

Алдын ала есептеулер бойынша облыстың басым бөлігінде ылғалдану жағдайлары нормаға жақын. Бұл – өңір үшін маңызды көрсеткіш. Себебі көктемгі дала жұмыстары аяқталып, жазғы маусымдағы ауыл шаруашылығы науқаны басталатын кезеңде топырақтағы ылғал қоры ерекше рөл атқарады.

Алайда, бұл аудандарда төтенше немесе аса қауіпті құрғақшылық күтіледі деген сөз емес. Қазіргі болжам негізінде жағдай бірқалыпты құрғақшылық деңгейінде ғана бағалануда. Қарағанды облысының көптеген бөліктерінде көрсеткіштер қалыпты деңгейде сақталуда.

Балқаш қаласындағы метеостанцияда стандартталған жауын-шашын индексі көрсеткіші 0,98-ге тең. Ақтоғай кентінде бұл көрсеткіш 0,69 деңгейінде тіркелген. Нұра ауданындағы Шұбаркөл маңында 0,97 көрсеткіші есептелген. Қарағанды қаласы, Теміртау қаласы, Осакаров ауданы, Бұқар жырау ауданы, Қарқаралы өңірі мен Егіндібұлақ аумағында ылғалдану жағдайлары қалыпты деп бағаланған. Қарағанды қаласында стандартталған жауын-шашын индексі көрсеткіші 0,18 болса, Теміртауда 0,33 мәнін көрсеткен. Бұл өңірлерде жауын-шашын мөлшері көпжылдық орташа көрсеткіштерге жақын дегенді білдіреді.

Айжан Жұмағазықызы айтуынша, жаз мезгіліндегі жауын-шашын көбіне жергілікті сипатта түседі. Бір ауылға нөсер жауын жауса, көршілес елдімекенде жаңбыр мүлде жаумауы мүмкін.

«Қазгидромет» РМҚ Агроме-

теорологиялық мониторинг және болжам департаментінің директоры Нонна Лоенконың ел ахуалын атап өтуінше, 2026 жылғы маусымда Қазақстан аумағының басым бөлігінде ылғалдану жағдайлары нормаға жуық болады деп күтіледі. Алайда Қостанай, Ақмола, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды және Ұлытау облыстарының жекелеген аудандарында бірқалыпты құрғақшылық белгілері байқалуы мүмкін.

«Қазгидромет» мамандары жариялаған болжам алдын ала сипатқа не екенін атап өтті. Атмосфералық процестердің өзгеруіне байланысты көрсеткіштер алдағы уақытта нақтылануы мүмкін.

Ал Ақтоғай, Нұра және Шет аудандарында құрғақшылық қаупі болғанымен, жағдай бақылауда және әзірге алаңдауға негіз жоқ.

**Жансая ҚОПОБАЕВА,**  
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

# Саранның салтанаты артып келеді



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Қарағанды облысында қарқынды дамып, өңір экономикасына сүбелі олжа салып келе жатқан қаланың бірі – Саран. Мәселен, Саранда бүгінгі өзінде экспортқа және импортты алмастыруға бағытталған 12 ірі өндіріс орны жұмыс істеп тұр. Уақыт өткен сайын өндіріс көлемі артып, экспортқа шығарылатын тауар түрлері де көбейе. Өндірісі дамыған қаланың тиісінше келбеті жаңарып, инфрақұрылымы жаңғырып, абаттандырылуда.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Саран қаласының бүгінгі тыныс-тіршілігімен өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев танысып, тұрғындармен болған кездесуде орындалған жұмыстар мен алдағы жоспарлар төңірегінде еркін әңгіме өрбітті.

Бүгінде Саран экономика тұрғысынан мүлде жаңа сипаттағы қалаға айналды. Біз бір ғана салаға тәуелділіктен кезек-кезеңмен арылып, жаңа даму нүктелерін қалыптастырдық. Кейінгі жеті жылда өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 10 еседен асты. Бұрын қаланың облыс өнеркәсібіндегі үлесі небәрі 1,3% болса, қазір бұл көрсеткіш 6%-ға

жетті. Экономикалық өсіммен бірге қаланың өзі де өзгеріп келеді. Тұрғындар жылдар бойы көтеріп келген мәселелер бүгінде нақты шешімін табады. Орталықтандырылған жылумен қамту жүйесі ретке келтірілді, су құбыры мен көріз желілері жаңартылып жатыр, жолдар жөнделуде, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мұнда тұрғын үйге деген сұраныс та артып келеді. Бұрын бос қалған РТИ шағын ауданындағы үйлер қайта қалпына келтіріліп жатыр. Былтыр Саранда кезекте тұрған азаматтарға 110 пәтер берілді. Ал, биыл бұл көрсеткішті шамамен үш есеге арттыру жоспарда бар.

Ермағанбет Бөлекпаев Сарандағы 1а мөлтек ауданында шағын

орталығы бар 600 орындық жаңа мектеп салынатынын мәлімдеді.

Сонымен қатар, Саранда жедел жәрдем қосалқы станциясының жеке ғимараты пайдалануға берілді. Бұған дейін жедел қызмет жалға алынған нысандарда орналасып еді. Жақын арада қалада жеңіл конструкциялардан тұрғызылған жаңа спорт кешені пайдалануға берілімек.

Саранда көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін жаңарту жұмыстары басталып, жолдарды жөндеу жалғасуда. Индустриялық аймақтан Қарағандыға дейін ұзындығы 19 шақырым болатын жаңа айналма жол салу жоспарға енгізілген. Қазіргі уақытта оның жобалық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

# Бар жақсылық – балаларға



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМДІГІ

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандандырылған орталықтың тәрбиеленушілері ерекше қуанышқа кенелді. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев орталыққа арнайы барып, балаларды мерекемен құттықтап, оларға жаңа автобус тарту етті. Енді орталық тәрбиеленушілері сабаққа, оналту шараларына және түрлі мәдени-танымдық іс-шараларға жайлы әрі қауіпсіз көлікпен қатынай алады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы өз құттықтау сөзінде атқарылып жатқан ілкімді істердің бәрі әр баланың өзін еркін сезініп, қабілетін ашуына, қоғаммен белсенді араласуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

Соңғы жылдары орталықта ауқымды жұмыстар атқарылды. Ғимараттар жаңартылып, аумақ абаттандырылды, бассейні құрылысы аяқталуға жақын. Балаларды оналту мен дамытуға арналған заманауи жабдықтау сатып алынды. Мұның бәрі әр баланың өзін мұнда жайлы әрі сенімді сезінуі, өз қабілетін толық аша алуы үшін жасалып жатыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мереке күні балалар үшін концерттік бағдарлама, театрландырылған қойылым, аквагрим және түрлі ойын-сауық шаралары ұйымдастырылды.

Сапар барысында облыс әкімі ерекше қажеттілігі бар балалар үшін жасалған жағдайлармен де танысты. Орталық директоры Дарын Әубәкіровтің айтуынша, жүргізілген жөндеу жұмыстары мекеменің келбетін айтарлықтай өзгерген. Бөлмелер жаңа жиһаздармен, функционалды төсектермен жабдықталып, балалардың күтімі мен дамуына қажетті жағдайлар жақсарған.

Орталық тәрбиеленушілерін «Вақуатты Аймақ Оту» қорының құрылтайшысы Долорес Пішенбаева да құттықтады.

Біз бұл жобаны бастағанда ең алдымен, балалардың жайлы, қолайлы ортада өсіп, дамуын ойладық. Әр бала өзін сенімді сезініп, болашағын қалыптастыра алатын кеңістік құруды мақсат тұттық. Мұндай өзгерістерді

адамдар жасайды. Сондықтан, орталық қызметкерлеріне және осы іске іскер қосқан барша жанға алғыс білдіремін, – деді Долорес Пішенбаева.

Облыстың балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы 125 орынға есептелген. Мұндағы «Бөбек» корпусында церебралды сал ауруына шалдыққан және тірек-қимыл аппаратының қызметі бұзылған 18 жасқа дейінгі балалар тұрады. Сонымен қатар, орталық күндізгі стационар жұмыс істейді.

Мекемеде балаларды оналту кешенді түрде жүргізіледі. Медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік көмек пәнаралық мамандар тобы арқылы көрсетіледі. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін арнайы мамандандырылған кеңістіктер жасақталған.

Орталықта сенсорлық және интерактивті бөлмелер жұмыс істейді. Мұнда жарық, дыбыс және цифрлық технологиялар арқылы балалардың сөйлеу қабілеті, ұсақ және жалпы моторикасы, қиялы мен қарым-қатынас дағдылары дамытылады. Сондай-ақ, релаксацияға, иммунитетті нығайтуға, ұйқы сапасын жақсартуға және ағзаны қалпына келтіруге ықпал ететін шунгит бөлмесі мен тұз шахтасы жабдықталған. Бейімделген дене шынықтыру залы да балалардың оңалуына қызмет етеді.

Бүгінде мұндай орталықтар баланың дамуына, қоғаммен байланысына, өз мүмкіндігін тануына жол ашатын мейірім кеңістігіне айналып келеді. Ал, жаңа автобус – осы бағыттағы нақты әрі қажетті қолдаудың бірі.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Жаңа заң, жаңа талап



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

2026 жылғы 19 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңына және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Бұл – еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформалардың заңнамалық жалғасы.

Жаңа заңның басты ерекшелігі – мемлекеттік қызметтің мазмұны мен философиясына жаңаша көзқарас қалыптастыруында. Бұған дейін мемлекеттік қызмет жүйесі көбіне еңбек қатынастары шеңберінде қарастырылып келді. Яғни, заңнамада мемлекеттік қызметтің миссиясы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі толыққанды айқындалмады. Жаңа редакциядағы заң осы олқылықтың орнын толтырды. Бұдан былай, мемлекеттік қызмет тек әкімшілік функцияларды орындайтын жүйе емес, азаматтардың сеніміне негізделген маңызды мемлекеттік

институт ретінде қарастырылады. Жаңа заңда мемлекеттік қызметшінің кәсіби және әдептік келбеті, сондай-ақ, қоғам алдындағы жауапкершілігі заңнама деңгейінде айқындалып, мемлекеттік қызметтің мақсаты мен міндеттері, негізгі қағидаттары жаңартылған мазмұнда жүйелендірілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы Жандос Сәрсеннің айтуынша, заңның негізгі бағытының бірі – азаматтармен өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшуі. Бұл – мемлекеттік

орган жұмысының басты өлшемі құжат айналымы емес, азаматтың мәселесін шешу болуы тиіс дегенді білдіреді. Мемлекеттік аппарат формализмнен, артық бюрократиядан, негізсіз кедергілерден біртіндеп арылуға бағыт алады.

Қарағанды облысы цифрландыру бойынша елдің үздік 3 өңірі қатарына кіреді. Ал, жаңа заңдағы маңызды өзгерістің бірі – мемлекеттік қызметке іріктеуді толық цифрлық форматқа көшіру. Енді конкурстық рәсімдер «Е-қызмет» интеграцияланған аппараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл адам факторын азайтуға, конкурс рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыруға және барлық кандидаттарға тең мүмкіндік беруге бағытталған. Облысымызда бұл өзгерісті практика жүзінде қолданып көрді. Жандос Шералұлының айтуынша, кандидат ең алдымен Жеке қасиеттерді бағалау тестін және Заңнаманы білу деңгейін анықтау тестін өткен. Содан кейін өзінің құжаттарын тапсырады. Тестте жиналған балға қарай бес ең жақсы деген кандидат іріктеліп шығады.

Жаңа заңда жастар саясатына ерекше көңіл бөлінген. Жас әрі талантты мамандарды тарту мақсатында мемлекеттік қызметке даярлау институты енгізіледі.

Айша ҒАНИ, ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

# Еуропа бизнесі Қарағандыға бет бұрды



КӘСІПКЕРЛІК

Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының алаңында Латвия Республикасының бизнес-делегациясымен іскерлік кездесу өтті. Іс-шараға Қарағанды облысындағы ірі компаниялардың өкілдері, кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшелері, әртүрлі саладағы бизнес өкілдері, сондай-ақ, екі елдің мемлекеттік органдарының өкілдері қатысты.



елдің бизнесі өзара тиімді байланыс орнатып, нақты тәжірибелік ынтымақтастыққа көшкеніне мүдделіміз, – деді Ернар Дауылұлы.

Кездесу барысында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Газалиев өңірдің экономикалық әлеуеті мен қазіргі даму қарқынын таныстырып, облыстың өнеркәсіптік базасын, логистикалық артықшылықтарын және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін атап

өтті. Екі тарап Қазақстан мен Балтық өңірі арқылы өнім тасымалы мен логистика мәселелеріне ерекше назар аударды. Латвия Республикасы Климат және энергетика министрлігінің парламенттік хатшысы Янис Ирбе Латвияның қазақстандық кәсіпорындармен тікелей ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Біздің делегация құрамында Латвия порттары, логистикалық компаниялар, аграрлық сектор мен бизнес өкілдері бар. Біз Қазақстанмен ынтымақтастықтың зор

әлеуетін көріп отырмыз және мұндай кездесулер нақты келісімшарттар мен бірлескен жобалардың бастамасына айналады деп сенеміз, – деді Янис Ирбе.

Кездесу барысында Латвиядан Қазақстанға асыл тұқымды ірі қара малын Қарағанды арқылы қолданыстағы әуе қатынасын пайдалана отырып жеткізу мүмкіндігі де талқыланды.

Қатысушылар Қарағанды облысының жоғары өндірістік және логистикалық әлеуетін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, тамақ өнеркәсібі, ветеринария, аграрлық ғылым мен білім беру салаларындағы ынтымақтастық көрініс табатынын айтты.

Бұған дейін Астанада өткен Қазақстан-Латвия бизнес-форумында айтылғандай, 2025 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы агроөнеркәсіптік өнім айналымы 51 миллион доллардан асты. Сонымен қатар, Қазақстан Латвия порттары арқылы өнім транзитін ұлғайтуды жалғастыруда.

Өткен жылы тасымал көлемі шамамен 750 мың тоннаға құрады.

Қарағандыдағы кездесу В2В форматындағы келіссөздермен аяқталып, оның барысында кәсіпкерлер ынтымақтастықтың нақты бағыттары мен жаңа нарықтарға

шығу мүмкіндіктерін талқылады. В2В формат дегеніміз (Business-to-Business) – бұл компаниялардың тауарлар мен қызметтерді соңғы тұтынушыларға емес, басқа ұйымдарға сататын бизнес-моделі. В2В нарығы корпоративтік клиенттерге, кәсіпкерлерге және ұйымдарға бағытталған.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің хабарлауынша: диалогтық кездесуде логистикаға жете мән берілді. Қарағандыда транспорт саласы, яғни көлік, ұшақ, поезд тасымалы жақсы дамығандықтан шет ел кәсіпкерлері қызығушылық танытып отыр.

Аружан ТӨЛЕУХАН, ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

Сурет автордан

# Жасыл болашақ бастауы



дың қатынасын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Жоба аясында спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Жаңа аудан аумағында Футбол академиясы, UEFA талаптарына сәйкес келетін 12 мың орындық стадион, Мұз сарайы, жеңіл атлетика манежі, спорт мектеп-интернаты және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру орталығы салынады.

Бұл нысандар халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, бұқаралық спорттың дамуына да серпін береді.

Қарағандыдағы жаңа экосаябақ – өңірдің экологиялық келбетін өзгертетін, тұрғындардың өмір сапасын арттыратын және болашақ ұрпақ үшін қолайлы

Қарағандыда табиғатты қорғау мен өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соның жарқын көрінісі ретінде облыс орталығында бой көтеріп жатқан жаңа экосаябақ аумағында кезекті жалпыхалықтық қоғалдандыру акциясы ұйымдастырылды. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында өткен игі шара барысында депутаттар мен қоғамдық ұйымдар аллесаының және аймақтар аллесаының негізі қаланып, мыңдаған қошет отырғызылды.

Экологиялық акцияға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңестердің мүшелері, қала мен аудан әкімдері, өңірлерден келген делегациялар, кәсіпкерлер, жастар ұйымдары мен еріктілер қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

## Халық қалаулылары бастаманы қолдады

Бұл күні жаңа экосаябақ аумағы тағы да үлкен еңбек алаңына айналды. Әрбір қатысушы қолына күрек алып, туған жердің көркеюіне үлесін қосты. Табиғатқа жанашырлық танытып, болашақ үшін игі іс жасаған жүздеген азаматтың басын қосқан акция қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы тағы бір қадам болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының маңызды бағыттың бірі ретінде экологиялық жауапкершілікті арттыру мәселесін үнемі көтеріп келеді. Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы бүгінде жалпыхалықтық сипат алып, еліміздің барлық аймағындағы нақты жобалар арқылы нәтижесін көрсетуде. Облыс аумағында қолға алынған жаңа экосаябақ құрылысы – осы бастаманың нақты жемісі.

Жаңа экосаябақ аумағында өткен сенбіліктің ерекшелігі – мұнда депутаттар мен қоғамдық ұйымдар аллесаының негізі қалануы. Облыстық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері арнайы белгіленген аумаққа 150 түп жапырақты ағаш көшетін екті.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов мұндай шаралардың экологиялық қана емес, қоғамдық маңызы да зор екенін атап өтті.

– Әрбір егілген ағаш – өңіріміздің келешегіне қосылған үлес. Бұл – қоршаған ортаны жақсарту, тұрғындарға қолайлы өмір сүру кестісінің қалыптастыру және болашақ ұрпаққа жасыл мұра қалдыру жолындағы маңызды қадам. Бүгінде жаңа экосаябақ Қарағанды қаласының ең ірі қоғамдық кеңістіктерінің біріне айналып келеді. Мұнда жүйелі түрде қоғалдандыру және абаптандыру жұмыстары жүргізілуде.

«Таза Қазақстан» акциясы табиғатты қорғау ісі мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, – деді облыстық мәслихат төрағасы.

Шын мәнінде, депутаттардың акцияға белсене қатысуы қоғамға үлгі көрсетудің нақты көрінісі болды. Халық қалаулылары тек заң шығару немесе өкілдік қызметпен ғана шектелмей, үнемі қоғамдық маңызы бар бастамалардың бел ортасынан табылып келеді. Жаңа аллесаының бой көтеруі де осы жауапкершіліктің айғағы.

## Өңірлер аллесаы – бірліктің белгісі

Экологиялық акцияға облыстың барлық қала-ауданынан арнайы делегация келді. Осы күні экосаябақ аумағында Өңірлер аллесаының да негізі қаланды.

Әр аудан мен қаладан келген өкілдер өздерімен бірге ағаш көшеттерін әкеліп, жаңа жасыл аймақтың қалыптасуына үлес қосты. Бұл өз кезегінде өңір тұрғындарының ортақ іске жұмылғанын көрсетті.

Шахтинск қаласынан келген делегация құрамында депутаттар, қоғамдық ұйым өкілдері, білім саласының қызметкерлері, еріктілер, спортшылар және белсенді жастар болды. Олар эконопарк аумағына 100 түп қарағай көшетін отырғызды.

Ал, Нұра ауданынан келген 50 адамдық делегация өздерімен бірге 100 түп пирамидалық терек көшетін ала келіп, арнайы белгіленген аумаққа екті.

Бұл бастамалар өңірлер арасындағы ынтымақтастықтың және туған жерге деген жанашырлықтың жарқын үлгісіне айналды. Жалпы ауданы 200 гектарды құрайтын жаңа эконопаркты қалыптастыру жұмыстары мамыр айының ортасында басталған болатын.

Аз ғана уақыт ішінде мұнда 2 мың 600-ден астам ағаш көшеті отырғызылыпты. Олардың қата-



рында емен, алма ағаштары, қарағай және қарағаш секілді өңір климатына бейімделген ағаш түрлері бар. Соңғы сенбілік барысында экосаябақ тағы да екі мыңнан астам жаңа көшетпен толықты.

Осылайша жаңа жасыл аймақта егілген ағаштардың саны бірнеше мыңға жетіп отыр. Ал, жыл соңына дейін мұнда барлығы 15 мың ағаш отырғызу жоспарланған. Мамандардың айтуынша, алдағы жылдары бұл аумақ өңірдегі ең ірі жасыл белдеулердің біріне айналады.

## Асар рухы жаңғырған күн

Сенбілік барысында сөз сөйлеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атқарылып жатқан жұмыстардың маңызына ерекше тоқталды.

– Асар – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл дәстүрі. Бұл адамдардың ортақ мақсат үшін бірігіп еңбек етуінің жарқын үлгісі. Соңғы үш апта бойы облыс тұрғындары бір мақсатқа жұмылып, туған жерді көркейту жолында еңбек етіп келеді. Мұндай бастамалардың құндылығы тек егілген ағаштардың санымен өлшенбейді. Оның басты нәтижесі – азаматтардың белсенділігі мен жауапкершілігі. Кез келген саябақ ең алдымен туған жеріне жанашыр адамдардың еңбегімен қалыптасады, – деді аймақ басшысы.

Расында, жаңа экосаябақтың бүгінгі жетістігінің артында



жүздеген адамның маңдай тері мен ортақ іске деген сенімі жатыр. Жаңа экосаябақ Қарағанды тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналмақ. Жоба аясында мұнда кең жаяу жүргіншілер аллесаы, велосипед жолдары, спорт алаңдары, балалар ойын кешендері мен заманауи демалыс орындары салынады.

Экосаябақта төрт көлден тұратын су каскады болады. Оның айналасы толық абаптандырылып, жағалау аймақтары мен серуендеу бағыттары жасалады. Су маңында ағаш төсеніштер, көлеңкелі демалыс орындары салынады.

Сонымен бірге, мұнда жүгіру және велосипед бағыттары, командалық спорт түрлеріне арналған алаңдар қарастырылған.

## Жаңа ауданның өзегі болмақ

Құрылыс қоғалдандырумен шектелмейді. Болашақта бұл аумақта әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы дамыған жаңа тұрғын аудан қалыптасады. Жоспар бойынша мұнда жеті балабақша, бес мектеп, заманауи аурухана кешені және әлеуметтік нысандар салынады.

Көлік қатынасын жақсарту мақсатында ұзындығы 60 шақырымнан асып жаңа жолдар салу көзделген. Сондай-ақ, Қарағандының оңтүстік-шығыс бөлігін Майкұдықпен жалғайтын жаңа автомагистраль құрылысы аяқталады.

Бұл өз кезегінде қаланың көлік жүктемесін азайтып, тұрғындар-

орта қалыптастыратын кешенді бастама.

Бүгінде мұнда отырғызылған әрбір көшет ертең саялы ағашқа айналады. Ал, бүгін ортақ іске жұмылған депутаттар, қоғамдық ұйым өкілдері, жастар мен тұрғындардың еңбегі туған өлкеңіз көркеюіне қызмет етпек.

Депутаттар аллесаының бой көтеруі де осы жауапкершіліктің нақты көрінісі. Себебі, табиғатты қорғау – мемлекеттік бағдарламаның міндеті ғана емес, ол әр азаматтың туған жер алдындағы перзенттік парызы. Ал, Қарағандыда басталған бұл игі іс өңірдің жасыл болашағының бастауы іспетті.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Мультимодельді әуежайға айналады

Бүгінгі таңда жаһандық сауданың қарқыны мен электронды коммерцияның дамуы логистика саласына мүлдем жаңа талаптар қойып отыр. Әлемдік нарықтағы осы үрдістердің белсенді ортасынан табылуы көзделген Қарағанды өңірі өзінің географиялық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауқымды логистикалық жобаны жүзеге асыруға кірісті. «Сарыарқа» әуежайы басқармасының төрағасы Руслан Габбасовтың мәлімеуінше, бұл заманауи CargoHub алдағы уақытта аймақ экономикасының ғана емес, еліміздің көлік-транзиттік әлеуетінің бас қозғатышы күшіне айналмақ.



Руслан Орынбайұлы Қазақстанның Еуразия құрлығының қақ ортасында, ал, Қарағандының еліміздің орталығында орналасуы логистика үшін таптырмас мүмкіндік екенін атап өтті. Оның айтуынша, Қарағандыдан 6 сағаттық ұшу радиусында әлемдегі ең ірі жүк тораптары саналатын Гонконг, Льеж, Франкфурт, Амстердам және Париж қалалары орналасқан. Бұл авиакөліктер үшін ең аз шығынмен, қосымша

жанармай салмағын арттырмай, максималды коммерциялық жүктемемен ұшуға жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта HUB аясында «Truck-to-Air» бағыты белсенді дамып келеді. Бұл жүйе бойынша, тауарлар Қытайдың Шанхай сияқты ірі өндірістік қалаларынан Қарағандыға жүк көліктерімен жеткізіліп, одан әрі ұшақтарға тиеледі де, Еуропаға жөнелтіледі. Сондай-ақ, бұл процесс кері бағытта да жүреді. Қазірдің

өзінде әуежайға Қытайдан бөлек, Оңтүстік-Шығыс Азияның Непал, Индонезия, Малайзия сынды мемлекеттерінен әртүрлі жүктер ағылуда.

Болашақта бұл аумақ жай әуежай емес, «Karagandy kargo site» деп аталатын тұтас бір агломерацияға айналады. Әуежайдың қолданыстағы 320 гектар аумағына тиесілі де, Еуропаға жөнелтіледі. Сондай-ақ, бұл процесс кері бағытта да жүреді. Қазірдің

бұл жаңа субзонада заманауи қоймалар, логистикалық орталықтар, қонақ үйлер мен көлік компаниялары шоғырланады.

Ағымдағы жүктеме жөндеу жұмыстары үшін ұшу жолағын тоқтатуға мүмкіндік бермейтіндіктен, екінші жолақтың құрылысы жоспарлануда. Ең ауыр саналатын «Бонинг-747» типті жүк ұшақтары үшін 15 қосымша тұрақ орны салынады.

Жаңа отандық жүк авиакө-

паниясының «Бонинг-777» ұшақтарына қызмет көрсететін алғашқы техникалық ангар бой көтереді. Сондай-ақ, қыркүйек айында батыс стандартына сай жұмыс істейтін, нарықта бәсекелестік тудыратын алғашқы отын-жанармай кешені іске қосылады.

CargoHub мультимодальділігін арттыру үшін әуежайға тікелей теміржол желісін тарту жұмыстары жергілікті әкімдіктің қолдауымен келесі жылы аяқталмақ.

Басқарма төрағасы Karagandy CargoHub арнайы экономикалық аймақтың құрамына кіретіндіктен, инвесторлар үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылғанын жеткізді. Мұнда әуежай қызметі, ұшақтарға техникалық қызмет көрсету, пошта және көлік-логистикалық бағыттар бойынша басымдықтар беріледі.

Жобаға әлемдік деңгейдегі компаниялар қызығушылық танытып, нақты жұмыстарды бастап кетті. Олардың қатарында жаһандық бренд «Inditex», биыл 80 мың тонна жүк тасымалдауды жоспарлап отырған «Rich Sail», сондай-ақ, «Proactive» компаниялары бар. Сонымен қатар, танымал «Shein» және «Temu» маркетплейстерімен келіссөздер жүріп жатыр. Ал, «SF Express» сияқты ірі интеграторлар Қытай-Еуропа рейстері кезінде Қарағандыға тоқтап,



жанармай құю мен экипаж ауыстыруды тұрақты түрде жүзеге асыруда.

Әуежай арқылы өтетін жүк көлемі жылына 1 миллион тоннаға дейін жетіп, Қарағандыны әлемнің ең ірі 20 логистикалық хабының қатарына қосады.

Салықтар мен әлеуметтік аударымдар есебінен елдің ЖІӨ-ге құйылатын табыс шамамен жарты миллиард долларды құрамақ. Арнайы экономикалық аймақ субзонасы толық қуатына енген жағдайда өңірде қосымша 15 мың жаңа жұмыс орны ашылады.

Karagandy CargoHub – бұл тек көлік торабы емес, аймақтың өндірістік әлеуетін халықаралық деңгейге шығаратын, шетелдік инвестицияларды тартатын, Қазақстанды жаһандық сауда картасында орнықтыратын стратегиялық маңызы зор жоба.

Айжан БЕЙБІТ, ҚарҰЗУ II курс студенті Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Мемлекеттік құрылым реформасы

2026 жылғы 15 наурызда елімізде жалпыхалықтық референдум өтіп, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясы қабылданды. Жанартылған Негізгі заң бұрынғы мәтіннің 80%-дан астамын қамтып, Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі конституциялық реформалардың біріне айналды.

Конституцияның жаңа редакциясын қабылдау жекелеген нормаларды жаңартумен ғана шектелмей, мемлекеттің конституциялық моделін іс жүзінде өзгертуді білдіреді. Заңдық тұрғыдан алғанда, реформа конституциялық құрылыстың негіздеріне, билікті бөлу тетігіне, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіне, сондай-ақ, азаматтардың конституциялық кепілдендірілген құқықтары мен бостандықтарының көлеміне әсер етті.

Конституциялық өзгерістер қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгеруімен, мемлекеттік институттардың дамуы және басқару жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу қажеттілігімен байланысты болды.

Реформаның негізгі міндеттері – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, саяси тұрақтылықты нығайту, заң шығару процесін жетілдіру және билік құрылымдарының жұмысын оңтайландыру.

Жаңа Конституция мемлекетті басқарудың неғұрлым орталықтандырылған әрі жедел моделін қалыптастыруға бағытталған.

Ең маңызды жаңалықтың бірі – Қазақстан Республикасының вице-президенті лауазымының енгізілуі. Бұл жаңа мемлекеттік қызмет билік сабақтастығы мен мемлекеттік басқару тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін құрылады.

Вице-президент мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру бойынша бірқатар өкілеттіктерге ие болады және Конституцияда



Композитор Жасалын Шапыр Аманбеков

көзделген жағдайларда Мемлекет басшысының міндетін уақытша атқара алады.

Жаңа Конституция Парламенттің екі палаталы құрылымынан бас тартуды көздейді. Енді Қазақстанда Сенат пен Мәжілістің орнына бір палаталы Парламент жұмыс істейтін болады.

Реформаны қолдаушылардың пікірінше, мұндай жүйе заң қабылдау процесін жеделдетуге, бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға, заң шығару қызметінің тиімділігін арттыруға және депутаттардың саяси жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, мемлекеттік органдар қызметіне парламенттік бақылаудың маңызы арта түседі.

Конституцияның жаңа редакциясы Президент өкілеттіктерін кеңейтуді көздейді. Президенттік билік институтына елеулі өзгерістер енгізілді. Конституция Мемлекет басшысының кадр саясаты мен ұлттық қауіпсіздік саласындағы өкілеттіктерін кеңейтті.

Президент Парламентпен

келіспей-ақ, Бас прокурорды, Ұлттық банк төрағасын, Конституциялық сот төрағасын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын және бірқатар негізгі мемлекеттік ведомстволардың басшыларын тағайындау құқығына ие болды.

Реформа авторлары мұны басқарудың жеделдігін арттыру және атқарушы биліктің жауапкершілігін күшейту қажеттілігімен түсіндіреді.

Президенттің кадрлық өкілеттіктерін кеңейту іс жүзінде президенттік басқару нысанын күшейтіп, мемлекеттік билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті өзгертеді. Конституциялық құқық тұрғысынан қарағанда мұндай өзгерістер билікті бөлу қағидатын сақтау үшін парламенттік және соттық бақылаудың тиімді тетіктерін талап етеді.

Жаңа Конституцияда Қазақстан Республикасының азаматтығынан ешқандай жағдайда айыруға болмайтыны туралы ереже жеке бекітілді. Бұл азаматтардың құқықтық мәртебесінің маңызды

көрсеткішінің біріне айналды.

Сондай-ақ, меншік құқығы, азаматтарды ұстау тәртібі, сот арқылы қорғалу, жеке басына қол сұқпаушылық кепілдіктері және конституциялық құқықтарды қорғау тетіктері сияқты мәселелерді реттейтін баптар жаңартылды.

Өзгерістер жеке тұлғаның құқықтық кепілдіктерін нығайтуға және азаматтарды мемлекет тарапынан қорғау деңгейін арттыруға бағытталған.

Азаматтықтан айыруға тыйым салуды бекіту адам құқықтарын қорғаудың заманауи халықаралық стандарттарына, соның ішінде, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ешкімді азаматтығынан негізсіз айыруға болмайды деген қағидатына сәйкес келеді.

Сот арқылы қорғалу және жеке басына қол сұқпаушылық туралы жаңартылған ережелер тиісті құқықтық рәсім (due process) қағидатын сақтау жөніндегі конституциялық кепілдіктерді күшейтеді.



Бұдан бөлек, жаңа Конституция заңдылық пен Негізгі заңды қорғауды қамтамасыз ететін тетік ретінде конституциялық бақылаудың маңызын күшейтеді. Конституциялық сот нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы дауларды шешуде, сондай-ақ, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауда негізгі рөлге ие болады.

Конституциялық бақылау институтын күшейту – құқықтық мемлекеттің маңызды элементі, өйткені, ол конституциялық қағидаттар мен адам құқықтарына қайшы келетін заңдардың қабылдануына жол бермейді.

2026 жылғы конституциялық реформа Қазақстанның саяси трансформациясының маңызды кезеңіне айналды. Негізгі заңның жаңа редакциясы билік құрылымын өзгертуді, мемлекеттік басқару жүйесін жаңартуды және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтеді.

Конституциялық-құқықтық тұрғыдан алғанда, реформа Қазақстанды құқықтық мемлекет ретінде одан әрі дамытуға бағытталған. Мұнда билік органдарының қызметі Конституциямен шектеледі, ал, адам құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылады.

Мемлекетіміздің тұрақты дамитындығын ескерсек, конституциялық реформа Қазақстанның жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін заманауи демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде одан әрі дамуының негізіне айналатындығы сөзсіз.

**Света ШАРДАРБЕКОВА,**  
**«Zolotaya seredina-SM»**  
**қоғамдық**  
**бірлестігінің басшысы**

## Заң үстемдігі – қоғам тірегі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуының жаңа кезеңінде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті күшейту, азаматтардың құқық қорғау органдарына сенімін арттыру жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Содан бері аймақта «Заң мен тәртіп» идеологиясын күнделікті өмірдің нақты қағидатына айналдыру үшін нақты қадамдар жасалуда.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Облыс аумағында құқықтық сауаттылықты арттыру, жастар тәрбиесі, қоғамдық тәртіпті нығайту, цифрлық бақылау жүйелерін енгізу, азаматтық қоғамды жұмылдыру, полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бағытындағы іске прокуратура, полиция, білім беру ұйымдары, волонтерлер қозғалысы, қоғам белсенділері, мәслихат депутаттары мен бұқаралық ақпарат құралдары бірлесіп жұмыс істеді. Соның нәтижесінде қоғамдағы құқықтық сана жаңаша сипат алып, тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімі күшейіп келеді.

Тұжырымдаманы жүзеге асырудағы негізгі бағыттың бірі – жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Себебі, құқықтық сауатты, жауапкершілігі жоғары ұрпақ қана тұрақты әрі қауіпсіз қоғам қалыптастыра алады.

Осы мақсатта профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасы облыстық прокуратурамен бірлесіп, наурыз айында бірнеше маңызды жобаны жүзеге асырды. Атап айтқанда, «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жастардың құқықтық сауаттылығы», «Жол-көлік оқиғаларының алдын алу», «Ашық полиция», «Көшедегі заң» акциялары ұйымдастырылды.

Жалпы, облыстың 10 мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында, сондай-ақ, 3 колледжде студенттермен кездесу өтті. Нәтижесінде 2000-нан астам жас қамтылды. Бұл кездесулерге полиция департаментінің басшылығы, ювеналдық полиция, әкімшілік және жедел бөлім қызметкерлері қатысып, жастармен ашық диалог алаңын қалыптастырды.



Композитор Жасалын Шапыр Аманбеков

Облыстық полиция департаменті профилактикалық жұмысты үйлестіру басқармасының бастығы Арман Құдайбергенов алды алуға басымдық берілгеніне тоқталды.

– Бүгінгі таңда жазалаудан бұрын алдын алуға басымдық береміз. Жастардың құқықтық санасы қалыптасса, қылмыс та азаяды, қоғамдық тәртіп те күшейеді. Сондықтан, мектептер мен колледждердегі кездесулерді жүйелі түрде жалғастырамыз, – дейді ол.

Одан бөлек, облыста «Жас сақшы» полиция сыныптарының жұмысы да қарқын алған. Қазір өңірде 7 «Жас сақшы» сыныбы жұмыс істейді. Бұл сыныптарда оқушыларға құқықтық тәрбие, патриотизм, әскери дайындық пен тәртіп мәдениеті үйретіледі.

Қоғамдағы сенім – құқық қорғау жүйесінің басты капиталы болғандықтан полиция қызметінің ашықтығына ерекше мән беріліп отыр.

«Ашық полиция» жобасы аясында полиция департаменті мен аумақтық бөлімшелердің жұмысына қоғам өкілдері тартылды. Депутаттар, журналистер, блогерлер, волонтерлер мен қоғам белсенділері полиция қызметінің күнделікті жұмысымен танысты. Жалпы саны 1500 адам полиция құрылымдарының тыныс-тіршілігін көзбен көріп, криминалистикалық полигондарды, жауынгер-

лік даңқ музейін, арнайы техникалар мен қару-жарақты тамашалады.

Қатысушылар 11 түрлі қызмет бағыты бойынша бөлініп, оқиға орындарына шығуға да қатысты. Жоба қорытындысында мұндай кездесулерді тұрақты өткізу қажеттігі айтылды.

– Полиция мен қоғам арасындағы ашық байланыс – сенімді күшейтудің негізгі тетігі. Қазір халық полиция жұмысын бұрынғыдай жабық құрылым ретінде қабылдамайды. Барлық жұмысты ашық көрсетуге ұмтыламыз. Әлеуметтік желілердегі белсенділік, халықпен есептік кездесулер, омниканалды жүйе – мұның бәрі тұрғындардың сеніміне бағытталған нақты қадамдар, – дейді Арман Құдайбергенов.

Бүгінде учаскелік инспекторлар тоқсан сайын халықпен есептік кездесулер өткізеді. Жыл басынан бері 114 кездесу ұйымдастырылып, 1056 азамат қамтылыпты.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында 23 маусымнан бері «Egov Mobile», «Kaspi.kz», «Halyk Bank» қосымшалары арқылы құқық бұзушылықтар жөніндегі хабарламалар қабылданауда. Облыстың омниканалды жүйесіне бүгінге дейін 820 хабарлама түскен.

Бүгінде өңірде қоғамдық тәртіпті сақтау ісіне полиция ғана емес, тұтас қоғам жү-

**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

мылдырылған. Қазір аймақта құқық қорғау бағытындағы 194 қоғамдық құрылым жұмыс істейді. Олардың құрамында 579 адам бар. Оның ішінде, 17 «Сақшы» және «Сарбаз» жасағында 150 адам, 6 студенттік жасақта 143 адам, 25 қоғамдық кеңесте 118 адам жұмыс атқаруда.

Бұдан бөлек, облыста 150 волонтерлік қозғалыс бар. Олардың құрамында 3 мыңнан астам ерікті полициямен бірге жоғалған адамдарды іздеуге, қолайсыз отбасылармен жұмыс жүргізуге, кәмелетке толмағандар арасындағы профилактикаға, ойын-сауық орындары мен алкоголь сататын нүктелердегі рейдтерге қатысып келеді.

Қоғамдық құрылымдардың қатысуымен 5 қылмыс анықталып, 54 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған.

Облыстағы ерекше бастамалардың бірі – алкогольден бас тартқан ауылдар тәжірибесі. Бүгінде өңірдің 72 елді мекені спирттік ішімдіктерден толықтай бас тартқан. Соның нәтижесінде бұл ауылдарда бірде-бір құқық бұзушылық тіркелмеген.

Жыл басынан бері облыста 90 828 әкімшілік құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,6 пайызға жоғары. 210 мас жүргізуші ұсталып, 123 азамат көлік жүргізу құқығынан айырылды. 176 адам әкімшілік қамауға алынды.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында автоматтандыру жұмыстары да күшейтілген. Бүгінде облыста 170 автоматты бақылау жүйесі орнатылған.

Облыс бойынша 87 352 бейнебақылау камерасы жұмыс істесе, оның ішінде, Қарағандыда 44 964 камера орнатылған. 38 230 камера жедел басқару орталықтарына қосылған.

– «Заң мен тәртіп» – полицияның ғана міндеті емес. Бұл – тұтас қоғамның өмір сүру қағидатына айналуы тиіс ұстаным. Бүгінде азаматтарды құқықтық тәртіпті сақтауға серіктес ретінде тартамыз. Мемлекет басшысы жүктеген міндеттің мәні де осында, – дейді Арман Құдайбергенов.

Облыста жүзеге асырылып жатқан бұл жұмыстар Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы нақты өмірдегі көрінісіне айналып келеді. Заңға құрмет артқан сайын қоғамда сенім күшейеді. Сенім барда тұрақтылық орнығады. Ал, тұрақтылық ел дамуының ең берік негізі екенін баса айтқан жөн.



**Жасыл**  
**болашаққа**  
**«ТӘТТІ» қадам**

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қарағанды қаласында ерекше экологиялық акция ұйымдастырылды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалы тұрғындарға пластик бөтелкелерді балмұздаққа айырбастау мүмкіндігін ұсынды.

Бастаманың мақсаты – тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің маңызын түсіндіру. Сондай-ақ, балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Акцияға қала тұрғындары, әсіресе, жасөспірімдер белсенді қатысты. Акцияның шарты – бес пластик бөтелкенің орнына бір балмұздақ. Қарапайым әрі қызықты форматта өткен шара көпшіліктің назарын аударып, экологиялық мәселелерге жауапкершілікті арттыруға ықпал етті.

Акция басталған сәттен-ақ алаңға тұрғындар жиналды. Балалар ата-аналарымен бірге алдын ала жинаған пластик бөтелкелерін әкеліп, арнайы қабылдау пунктіне тапсырды. Өз кезегінде ұйымдастырушылар қатысушыларға балмұздақ таратты. Көптеген балалар үшін бұл тек тәтті сыйлық алу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар, табиғатты қорғауға қосқан үлесінің нәтижесін көрудің жарқын үлгісі болды.

«Акция жоғары деңгейде өтті. Біздің ізімізді басып келе жатқан буын ерекше қуанып қалды. Бұл акция арқылы балаларға қуаныш сыйлап қана қоймай, қаламызды таза ұстауға өз үлесімізді қосып», – деді «Жастар рухы» жастар қанатының Ж.Буқенов атындағы Қарағанды жоғары колледждегі бөлімшесінің жетекшісі Қуанышбай Асқар.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай акциялар – қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілінің бірі. Себебі, пластик қалдықтары табиғатта ұзақ уақыт бойы ыдырамай, экологияға айтарлықтай зиян келтіреді. Сол себепті, оларды бөлек жинап, қайта өңдеуге жіберу қоршаған ортаны қорғауға бағытталған маңызды қадам. Акция барысында жиналған барлық пластик бөтелкелер қайта өңдеуге жіберілді. Осы арқылы ұйымдастырушылар тұрғындарға тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаудың маңызын көрсетті. Жалпы саны 2000-ға жуық балмұздақ таратылды.

– Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың, жастардың және жалпы халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Осындай акциялар бізде тұрақты түрде өткізілді. «Таза Қазақстан» – бір реттік акция емес, ұзақ мерзімді жоба. Бүгінде бұл бастамаға қызығушылық жоғары. Сондықтан, алдағы уақытта да осындай шараларды жалғастырып өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында еліміздің барлық өңірлерінде қоршаған ортаны қорғауға, тазалық мәдениетін қалыптастыруға және экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

**Алуа БАҒДАТҚЫЗЫ,**  
**ҚарҰЗУ II курс студенті**

# Жағажай туризмінің жарқын қадамы



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Өнірде бүгінде 149 демалыс орны тіркелсе, соның 59 демалыс аймағы мен 10 жағажайы Балқаштың үлесінде. Қазіргі таңда Балқаштағы 57 туристік нысан санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алып, жазғы маусымда демалушыларды қабылдауға толық дайын. Туризм инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жалғасуда. Өткен жылдан бері облыс көлемінде жалпы құны 2 млрд теңгеге жуық 60 жоба қаржыландырылған. Оның ішінде Балқаш қаласында несиелі көлемі шамамен 2 млрд теңгені құрайтын 21 жоба іске асырылды.

Ресми деректерге сәйкес, биылғы жылдың қаңтар-сәуір айында өнір бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 3,7 млрд теңгеге жеткен. Оның 2,2 млрд теңгесі – Балқаш қаласына тиесілі. Туризмді дамытудағы маңызды бастамалардың бірі ретінде биыл Балқашта алғашқы туристік жағажай «Balkhash» индустриялық аймағы құрылды.

Одан бөлек, Балқаштың туристік тартымдылығын арттыруға үлес қосып келе жатқан ірі мәдени оқиғалардың бірі – «Balkhash Tour Fest – 2026» фестивалі. Өткен жылы 50 мыңнан астам туристі қабылдаған фестиваль биыл алғаш рет республикалық туристік және мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енгізіліпті. Осыған байланысты фестиваль қонақтарының саны 70 мыңға жуықтайды деп күтілуде. Қысқасы, жазғы туристік маусым қарсаңында Балқаш келушілерді қарсы алуға толық дайын.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## «Balkhash Tour Fest»: 70 мың турист келеді деп күтілуде

Жалпы, «Balkhash Tour Fest» фестивалі биыл төртінші жыл қатарынан өтпек. Фестивальдің ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Алғашқы жылы 10 мыңға жуық қонақты қабылдаса, екінші жылы 25 мыңнан астам туристі қамтыпты. Ал, өткен жылы фестивальға 50 мыңнан астам турист келген.

Бұл жоба жергілікті атқарушы органдар үшін туризмді дамыту құралы ғана емес. Қаланың экономикалық әлеуетін арттыруға да үлкен серпін беріп отыр. Фестивальдің арқасында өнірге келетін инвесторлар саны жыл сайын көбейіп келеді. Соның нәтижесінде жана жұмыс орындары ашылып, көптеген тұрғын жұмыспен қамтылуда. Фестиваль аяқталғаннан кейін бұл алаң жабылмайды. Ол жазғы туристік маусым бойы келушілерге қызмет көрсетеді. Біз Тораңғалық пен Шұбартүбек демалыс аймағындағы туристердің ұсыныс-пікірлерін назарға алып, соған сәйкес Барковский ауданында және басқа да қолайлы орындарда жана демалыс алаңдарын аштық, – деді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Жыл сайын «Balkhash Tour Fest» фестивалі Ақшағал кенті маңындағы Рембаза аумағында өтеді. Фестиваль ұйымдастырылатын алаңның көлемі – 70х230 метр. Биыл келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында аумақтың инфрақұрылымы жаңартылуда. Атап айтқанда, фестиваль алаңының кіреберісіндегі арка толықтай қайта жаңғыртылып, оның екі жағына арнайы автодұрақтар ашылмақ. Фестиваль ұйымдастырушы Ренат Алманов биылғы шараның басты ерекшеліктеріне тоқталып, келушілер үшін жаңа форматтар мен бірқатар тың жобалар әзірленгенін атап өтті.

Биыл фестиваль аумағында келушілер үшін жан-жақты жағдай жасалады. Атап айтқанда, тамақтану мен демалуға арналған шатырлар, фудкорктар және түрлі тағам ұсынатын 40-қа жуық сауда нүктесі жұмыс істейді. Сонымен қатар, террасалары бар мейрамханалар, қолөнер шеберлері алаңы, спорттық және ойын-сауық аймақтары ұйымдастырылады. Спорт сүйер қауым үшін ашық суда өтетін жаппай жүзуден «Pikemap» жарысы, панна-футбол және стритбол турнирлері өткізіледі. Биылғы ерекшеліктің бірі – жарыс жеңімпазына шетелде өтетін халықаралық турнирлерге жолдамалар табыстала-

ды. Жол шығындарын фестиваль демеушілері толықтай өз мойнына алады. Фестиваль бағдарламасында көлемі 35х25 метр болатын алып батут, шоу-караоке, ашық аспан астындағы кинотеатр, фототаймақтар, түрлі ойын-сауық бағдарламалары және жастар форумы қарастырылған. Сондай-ақ, жасанды интеллект технологиялары мен робот-қақпашы қатысатын интерактивті аймақтар ұсынылады. Экологиялық бағытта да ерекше көңіл бөлініп отыр. Фестиваль барысында сұрыптау және қайта өңдеу жұмыстарына пластикалық қалдықтары жиналады. Балалар үшін арнайы ойын-сауық бағдарламалары әзірленген. Олардың қатарында экологиялық тақырыптағы шеберлік сағаттары, құмнан камал тұрғызу сайысы, сурет байқаулары, аниматорлармен ойындар және түрлі шығармашылық алаңдар бар. Өткен жылы кішкентай көрермендерге «Көк трактор» қойылымы ұсынылса, биыл балалар «Маша мен аю» ертегісін тамашалай алады. Сонымен бірге, фестивальда танымал мультфильм кейіпкерлері де өнер көрсетеді, – деді фестиваль ұйымдастырушысы Ренат Алманов.

## Тендесі жоқ индустриялық туристік аумақ

Бұрын қалалық емханадан шығып, қала іргесіндегі Шашубай кентіне апаратын жолдың оң қапталында, яғни, көлдің жағалауына баратын тек жалғызаяқ жол жататын. Бүгінде бұл аумақтың келбеті түбегейлі өзгерген. Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасына сәйкес мұнда еліміздегі алғашқы туристік бағыттағы индустриялық аймақ бой көтерген. Республика көлемінде тендесі жоқ бұл жоба әзірге тек Балқашта ғана жүзеге асуда.

Индустриялық аймақтың алғашқы резиденті ретінде «Әділ-Құрылыс» корпорациясы тіркелген. Компания «Premium Villa Balkhash» туристік кешенін салу үшін төрт гектар жерді жалға алып, туристерді жыл он екі ай қабылдайтын еуропалық үлгідегі 23 барнахаус және маусымдық 21 киіз үй тұрғызыпты. Заманауи демалыс кешенінде монша, бассейн және демалыс аймақтары да қарастырылған. Жобаның жалпы инвестициялық құны – 1 млрд 300 млн теңге. Құрылыс жұмыстары басталғалы 300-ге жуық адам еңбек етіп, 20-ға тарта арнайы техника жұмылдырылған.

Бұл жобаны жүзеге асыру туралы ұсыныс бізге қала әкімдігінен түсті. Төрт гектар жерге заманауи демалыс кешенін салу жөнінде



келісімге келіп, құрылыс жұмыстары биылғы сәуір айында бастады. Қазіргі таңда негізгі жұмыстардың басым бөлігі аяқталды. Биыл 3,3 гектар аумақта туристік кешеннің алғашқы кезеңі іске асырдык. Ал, келесі жылы қалған аумақты игеру үшін қосымша 400 млн теңге инвестиция құйып, жаңа барнахаустар салуды жоспарлап отырмыз. Жобаны жүзеге асыру барысында жергілікті әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуде. Атап айтқанда, көріз жүйесі, су құбыры, интернеті, жол инфрақұрылымы және кешенге апаратын трасса мемлекеттік қолдау аясында тартылып жатыр. Сондай-ақ, жер теліміне қатысты құжаттарды рәсімдеу барысында да ешқандай кедергі туындаған жоқ. Бұл – өнірде туризмді дамытуға бағытталған нақты қолдаудың көрінісі. Мұндай серіктестік біз үшін өте тиімді әрі маңызды, – деді инвестор Жақсыгелді Иманбеков.

Кешен құрамындағы барнахаустар – екі қабатты, жоғары деңгейдегі жайлылыққа сай салынған. Екі және үш бөлмелі нұсқалар бар. Екі қатар орналасқан демалыс аймағының екі жағында үлкен екі бассейн қойылған. Сонымен қатар, балаларға арналған жеке бассейн, балаларға арналған жеке бассейн, суық су бассейні және ойын-сауық аймақтары да бар.

Балқашқа келетін туристер саны жыл сайын артып келеді. Біз демалушылардың сұранысын жан-жақты зерделедік. Әсіресе, отбасы болып немесе достарымен келетін қонақтарға орындар тапшы. Көп жағдайда туристер қонақ үйлерде әрқайсысы бөлек бөлме жалдауға мәжбүр. Сондықтан, жаңа кешенді жобалау кезінде әрбір детальге ерекше мән бердік. Кешендегі әр барнахаус пен киіз үйі жеке қоршаумен қоршалды. Ауласына жасыл желек төселіп, орындарды қорғайды. Ал, қоршаудан шыққан бойда демалушылар ортақ бассейн аймағына өте алады. Көлде демалуды қалайтындар үшін жағажай да қолжетімді. Өзірге көл жағалауындағы демалыс аумағын өз жобамыздың құрамына енгізе алмадық. Дегенмен, бұл мәселені алдағы уақытта қарастыру жоспарымызда бар. Жалпы, кешен биылғы туристік маусымды қарсы алуға толық дайын. Ал, жобаның келесі кезеңі аясындағы қосымша барнахаустардың құрылысы қыркүйек айында басталады, – деді Жақсыгелді Тұрсынұлы.

Инвестордың айтуынша, барнахаустар мен киіз үйлерде тұрудың тәуліктік құны әзірге нақты бекітілмеген. Дегенмен, кешен басшылығы баға саясатын қалыптастыру кезінде туристер үшін қолжетімділікке басымдық бермек. Яғни, демалушылардың қалтасына салмақ салмайтын, қызмет сапасына сай қолайлы бағаны белгілейтіндерін айтады.

Барковский ауданында биыл тағы бір жаңа туристік нысан пай-

## Ең басты басымдық – туристердің қауіпсіздігі

Демалысқа келген қонақтар суға түсу кезінде де, қайыққа міну барысында да өздерін толық қауіпсіз сезінуі тиіс. Осы мақсатта жағалау аумақтарында қауіпсіздік шараларын күшейту үшін төтенше жағдайлар және полиция бекеті орнатылды. Бұл бекеттерде қызмет атқаратын мамандар тұрғындар мен демалушылардың қауіпсіздігін тәулік бойы қамтамасыз етеді. Бү-



гінде Тораңғалық пен Шұбартүбек жағажайында бір-бірден төтенше жағдай және полиция бекеті жұмыс істеп тұр.

Демалушылар үшін барлық қажетті жағдайлар қарастырылған. Атап айтқанда, арнайы фотозона аймағы жасакталуда. Бұл аумаққа брусчатка төселіп, жарық шамдар орнатылып жатыр. Жондеу және абаттандыру жұмыстары екі апта көлемінде толық аяқталады. Сонымен қатар, Тораңғалық елді мекенінің ішінде қонақ үйлерге апаратын жолдың бойына жаю жүргізушілерге арналған тротуарлар төселді. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында қосымша бейнебақылау камералары мен қысық жәшіктері орнатылады. Жағалау аумағына келсек, жергілікті кәсіпкерлер суға түсу аймақтарын қауіпсіздік талаптарына сай жеке бөліп, бейнебақылау жүйелерімен жабдықтауда. Катер, қайық тізгіндеген жандар демалушыларға қауіп төндірмеуі үшін суға шомылу аймақтары арнайы қоршаулармен бөлінді. Мұндай қауіпсіздік шаралары Тораңғалық пен Шұбартүбектен бөлек қала ішіндегі жағажайларда, Борковский ауданында да енгізілетін болады. Кәсіпкерлерге қойылатын талаптар қатаң. Қазіргі уақытта жағажайлардың бір бөлігі әкімдік тарапынан абаттандырылуда. Онда әжетханалар, душ кабинеттері және қысық жәшіктері орнатылған. Осындай инфрақұрылым талаптары жағажайларды жалға

алануға беріледі. Жалпы аумағы 0,3 гектар жерді алып жатқан «Монако» демалыс кешеніне қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым толықтай мемлекет қаражаты есебінен тартылған. Жоба аясында инвесторлар бұрын жоқ аумаққа алты демалыс үйін салып, оны 24 нөмірге бөліпті. Оның 16 нөмірі – бір бөлмелі болса, қалған сегізі – екі бөлмелі. Кешен аумағында ұзындығы – 20 метр, ені – 10 метр және тереңдігі – 1,5 метр болатын бассейн салынған. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіз демалуына арналған тереңдігі 70 сантиметрлік жеке бассейн және бар. Алдын ала жоспар бойынша бір бөлмелі нөмірдің тәуліктік құны – 70 мың, екі бөлмелі нөмірлердің бағасы – 90 мың теңге көлемінде болады деп күтілуде.

Құрылыс жұмыстарын осыдан бір жыл бұрын бастадық. Нысанды 15 маусымда толық пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Құрылыс басталғалы бері 15 адам тұрақты түрде еңбек етіп келеді. Сонымен қатар, жұмыс қарқынын арттыру мақсатында қосымша техника жұмылдырылды. Қажет болған жағдайда сантехник, электрик сынды мамандарды да қосымша алдырып отырмыз. Жобаға жұмсалған жалпы қаржы көлемі – 20 млн теңгеден асты. Әкімдік тарапынан коммуникациялық инфрақұрылым бойынша зор қолдау көрсетілді, – деді жеке кәсіпкер Александр Василевский.

алған кәсіпкерлерге де міндеттелген. Сонымен қатар, облыстық мәслихат депутаттары бекітілген дизайн-код бекітілген. Кәсіпкерлер аталған дизайн-код нормаларын толық орындауға міндетті. Сонымен қатар, Тораңғалыққа ауыз су да тартылып жатыр. Жыл соңына дейін жұмыстар толық аяқталады, – деді Балқаш қаласының әкімі Сапар Саатаев.

Владимир Ганюковтың Тораңғалық елді мекенінде тұрып келе жатқанына 20 жылдан асыпты. Өзі жыл сайын жағажай аумағы ретке келтіріліп, абаттандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. Соның нәтижесінде демалушылар саны жыл сайын артып келе жатқанына да жеткізді. Әр Владимир – жеке кәсіпкер. Бүгінде көлдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында суға түсу аймақтарына шектеуге арналған қоршауларды орнату жұмыстарын өзі орнатып жатқан көрінеді.


Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әкімдіктің қолдауымен суға түсу аймақтарын арнайы бөліп жатырмын. Қоршаулар сары түсті қалқандармен белгіленіп, айқын көрінетін етіп жасалуда. Бұл – катер мен гидроцикл тізгіндейтін азаматтардың демалушыларға қауіп төндірмеуі үшін қолға алынған маңызды шара. Әрбір жүзу аймағының ұзындығы 10 метрден, ені 34 метрден белгіленген. Дегенмен, алдағы уақытта бұл аумақтарды тағы да 3-5 метрге дейін кеңейту жоспарда бар.



Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• САҒЫНЫШ САЗЫ

## Сағынатын күн туды...



Оралбек бауырымыз бізде «Орталықтың» әуелі Балқаш қаласы бойынша, кейін бүкіл Балқаш өңірі, яғни Ақтоғай, Шет аудандары, өзі айтпақшы Сарышаған, Қоржынтүбекті (Приозерск) қамтыған кең аумақтың меншікті тілшісі болды. Бармаған тақырыбы, жазбаған жанры жоқ. Сыршыл қаламгер еді. Меніңше мақаланы бұрқыратып жазып тастар алдында тақырыбын көп ойлап қоятын сияқты. Тіпті кейін проблемалық мақалалары, көркем очерктері мен сәнді суреттемелерінің басын қосып шығарған кітаптарының атаулары да кісі қызығарлық: «Қыстың ұзақ таңы атты», «Алма ағашы гүлдегенде», «Жұлдыздар із тастап ағалды», «Сағынатын күн туар», т.т. Бір кезде «Лениншіл жастың» редакциясы мақалаға үздік тақырып табуға жүлде жариялайтын болыпты деп естігенбіз. Оралбек сонда істесе ғой, бас жүлдені жеңіп алар еді...

Бірде газеттің кезекті санына кезекші болғанымда корректорлар: «Аға, мына материал сыймай жатыр, қысқартып беріңізші» деп келді. Бетті әлі оқыған жоқ едім, сонда есіме бір оқиға түсіп кетті: «Кімнің мақаласы?» деп сұрадым. «Оралбектікі». «Оралбектікі бол-

са қысқартуға болмайды» дедім жымиып. Аналар тосылып қалды, бірақ неге деп сұраған жоқ, олар да біледі, Оралбектің қалай жазатынын.

Есіме түскен оқиға мынау еді. Редакцияда Құлш Сүлейменов деген соғысқа қатысқан қадірменді ақсақалымыз жауапты хатшының орынбасары болып істеген. Барлық беттерді орналастыратын макетші де сол кісі. Беттер беттеліп, үйіне кетіп қалғанда ресми материал түсіп, қорғасынмен күйылған материал сыймай жатады. Қысқарту қажет болады. Құлекене телефон шалса, ол кісі: «Газет беті резенке дейсіңдер ме? Құран сөзі емес шығар, қысқарта беріңдер. Қағазбектің материалын басына, Қалекеннің материалын соңынан қысқартыңдар» дегені анекдот болып, ел арасына тарап кеткен.

Сөйтсек, Қағазбек Сәденов ағамыз материалын табиғатты суреттеуден шұбалаңқырап бастайды екен, ал Қали Садықов ағамыз болса мақаласының соңында философиялық ой-тұжырымға бой беріп, біраз толғанады екен. Соларды қысқартып жібергеннен мақаланың мазмұнына нұқсан келмейді. Бірақ Оралбектің жөні бөлек. Оралбектің

материалында жонып тастауға болатын жаңағы екі «қасиет» те бар, бірақ ол сол жолдарды жанын сала, ойлап-толғанып, мөлдірете жазды ғой. Еңбегін еш қылуға болмайды. Қазіргі компьютерлік технологияның мүмкіншілігі көп, материалды басқаша орналастырып, шрифтын өзгертіп дегендей өзім орналастырып бердім бір жолын қысқартпай. Сөйтпін, Оралбектің кезекті бір жап дүниесін бүтін сақтап қалдым. Оның қолынан осындай қаншама көркем шығарма шықты десеңізші?!

Қаламгерлігімен қатар азаматтығы қандай еді! Қашан көрсен жымы қарсы алып, мейірі шауғын төгіп тұратын. Үлкен-кішінің бәріне «Айналайын» деп айтудан айнымайтын. Кейінгі жылдары фейсбуктің парақшасынан түспей, барша оқиғаға үн қосып жататынын байқап жүрдім.

Оралбек ойын-тойдың ортасында жайдары күліп, қызықты әңгіме айтып, жарқырап жүретін. Басына біз «сомбреросы» деп атап кеткен етегі кең шляпа киіп, қолына «гитарасы»-домбырасын алып, «Гүлдеріңаны» шырқағанда билеп кетпейтін, қосылмайтын жан қалмайтын.

Меншікті тілші болып жүргенде бір-екі рет бас редакторымыз Мағауия Сембай бас болып көкше теңіз – Балқаш көлінің жағасына тыныққанымыз бар. Оралбек пен құдай қосқан асыл жары, ол да журналист Асыл бәйбішесі екеуі үйлеріне міндетті түрде шақырып, қой сойып, қонақ ететін. Басшыларды ғана емес, бүкіл тынығуға келген ұжымды. Сонда қаланың ыңғайымен салынған үйдің шағын залына сыйып кететіңіз, сөз айтып, шаңырақтарына шаттық тілейтінбіз.

Осындай еске алатын оқиғалар көп еді. Енді, міне өзің жазғандай «Сағынатын күн туды», сүйегі асыл, ардақты Ореке! Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

Аман ЖАНҒОЖИН,  
ҚР Құрметті журналисі  
ҚАРАҒАНДЫ

### ҚАСИЕТ

(Оралбекке)

Алыстан келсең  
Аңқылдап,  
Алдыңнан шығып тұратын,  
Тумысы таза қалпымен,  
Саудырап тұрған алтыңға,  
Сатпайтын әсте мұратын.

Ақ дастарқанын Асылы,  
Айқара жайып тастайтын,  
Тумысы таза қалпымен,  
Тұнық бір ойға бастайтын.

Көңілге алаң ісіңді,  
Айтқызбай өзі тындырып.  
Жаныңа жайсыз түсіңді,  
Жақсыға жорып, күлдіріп.

Селдіреп қалған бүгінде,  
Қазақи салттың көзі боп.  
Сары қымыз, саба түбінде,  
Қорғалды қордың өзі боп.

Кішілік жолын қатты ұстап,  
Алдыңнан кесіп өтпейтін.  
Шындықты қорғап шақ туға,  
Шегініп әсте кетпейтін.

Әңгіме тынбай бір түнмен,  
Алдыңнан шықса нөпір көп.  
Жатырқап қалған жұртыңмен,  
Жалғайтын алтын көпір боп.

Қара сөз – қару-жарағы,  
Жүргенде жазып жұрт өлен.  
Бөкеновше емес,  
Қаламын  
Бөкеев құсап сілтеген.

Ашылса – тойдың көркемі,  
Сапырса – ойдың зерені.  
Ақтоғай деген өлкенің,  
Ақ  
тангер озық өрені.

Кеуілің білсін күндесең,  
Мен де бір сондай болсам деп.  
Осының бәрі кім десе –  
Жүністің ұлы Оралбек.

Абзал БӨКЕН,  
ақын

• БЕЙНЕСІ МӘҢГІ ЖҮРЕКТЕ

## Жаны жайсаң жақсы аға

Айналасын шуаққа толтырып жүрген жайсаң ағадан қапи-яда айырылу қабырғамызды қайыстырды. Ол қарымды қаламгер ғана емес, сонынан ерген буынға қамқор аға, ақылман ұстаз бола білді.

Оралбек Жүнісұлымен бір топырақта тұсақ та, етене араласқан тұсымыз алғаш еңбек жолын бастаған кезіміз еді.



Ағай ат жалын тартып мінгеннен көбіне сыртта болды, ел жаққа сирек келетін.

Әкем Жұмағали өнерді, соның ішінде сөз өнерін қадір тұтып, руханият, мәдениет төңірегіндегі әңгімелерді көп айтатындықтан, белгілі қаламгерлердің есім-соінына бала кезден қанық болып өстік. Соның ішінде Қаратадан шыққан белгілі журналистер – Совет Шиманбаев, Алтын Шаймұхамбетовалармен бірге Оралбек Жүнісұлының да есімі аталатын. Балқаш жақтағы жиындарға барып келгенде әкей: «Оралбек бауырымызмен бірге болдық. Ат үстінде жүрген азаматтарымыздың ішіндегі кісілігі зор, сырбаз інілеріміздің бірі – осы Ораш. Қашан көрсен, ағалап тұралы. Жүріс-тұрысы, мәдениеті қандай! Сөз толғауы, серілігі, әншілігі қандай!» деп сүйсініп отыратын.

Бізді ағамыздың өзі іздеп тапты. 2003 жылы күзде қаладағы «Балқаш өңірі» газетіне Лияс Мұқаев досым бар. Ерлан Тасырбай деген әріптесіміз бар – үш тілші қатар қабылдандық. Іле-шала ақжайлау ағамыз арнайы іздеп келді.

Түске жақынғы уақыт еді. Кеңсемізге жайлап басып, сәнді шляпа киген дөңгелек жүзді, қызылшырайлы жігіт ағасы кірді. Редакция қызметкерлері түгел әлгі кісіні қаулап, арқа-жарқа бола кетті. Жүртпен қауқылдасып, амандасып болған соң, ол: «Орталарың толып жатыр екен. Құтты болсын! Ал, бауырлар қайда?» деді. Әріптестер бізді таныстырып жатыр. Кезек маған келгенде: «Айналайын бауырым, сен екенсің ғой! Қадамың құтты болсын!» деп қапыра құшақтады.

Сол бетте үшеуімізді қаланың орталығындағы дәмханаға апарып, түскі асымызды алып беріп, емен-жарқын отырыс жасады. Пікірлесіп отырып, ағалық ақылмен, әлеміне жүрексіне бет алған темірқанат бауырларын жігерлендіріп, арқадан қакты.

Содан бері ұдайы қамқорлығын сезініп келдік. Қашанда жөн сілтеп, жол көрсетіп жүретін ағалық пейіліне тәнті болдық. Ол ешкімді бөліп-жармай, қалам ұстап жүрген барлық бауырын бірдей көріп, барлығына бірдей тілеулес болатын.

Балқаштағы әдеби ортаның ақылман ағасы болды. Бізді бала-сындай жанына ертіп, балапандай баптады, жөн мен жолды көрсетті. Сол тұста жігіт ағасы жасында болса да, көбіне жас қаламгер, өнерпаз қауымның ортасынан табылатын. Жілі-жілі бас қосамыз. Бір-бірімізді іздеп тұрамыз. Балқашта Лияс Мұқаев, Дәуренбек Әрқенов бар. Қарағандыдан ат арылтып Серік Сағынтай келеді. Әннің естісі шырқалып, жырдың жауһары түйдек-түйдек тө-

гілетін сондай саумал кештерде төрімізді толтырып, Ораған отыратын. Баяулатып, мамырлатып «Гүлдерайымды» шырқайтын.

Лиястың:  
«Осы бір әнге салса  
Орағамыз,  
Күңкіл-шүңкіл бос сөзді  
доғарамыз.  
Қайран сері күндерін  
есіне алған,  
Оркене ұқсап мұңдылау боп  
аламыз.

«Тына ма екен өңешін  
жыртып барып,  
Көкше көлдің құстарын  
үркітті анық.  
Дауысы зор, ә, – дейді –  
ағамыздың»  
Қамбар мені бүйірден түртіп  
қалып» дейтіні сол кез еді...

Ардақты ағамыздың журналистикадағы елеулі еңбегі – туып-өскен өлкенің тарихын түгендеп, айтулы тұлғаларын ұрпақ жадына сіңіруі еді. Оның шығармаларынан туған жерге деген перзенттік махаббаттың, елге деген адалдықтың лебі есіп тұратын. «Сағынатын күн туар», «Қыстың ұзақ таңы атты», «Алтын аймақтың адамдары» сынды жинақтарында туған өлкесінің еңбеккер адамдары жайлы көркем суреттеме жасап, оқырман жүрегінен жол тапты. Ұзақ жылғы еңбегінің арқасында ел-жұрттың құрметіне болды.

Кейінгі жылдары Ораған бас қалаға қоныс аударған соң да, жақын араласып тұрдық. Іс-шараларда, жиын-тойларда жиі ұшырасатын болдық.

Өткен жылы «Егеменнің» шаңырағына келгенде академик Дихан Қамзабекұлымен диалда-сып, жақсы бір мақаласын табыстап кеткені бар еді.

«Талдыбейіт тағылымы» атты сол жазбасын «Егемен Qazaqstan» газетінде Әлихан Бөкейханның туған күнінде – 5 наурызда жарияладық. Сол жолы қатты қызы болып, «Әлекен бабамыздың рухы жебей берсін!» деп батасын берді.

Осы естелікті жазып отырып, «WhatsApp»-тағы хабарламаларға үнілдім. «Айналайын» дегені құлды осы жаңа айтылғандай. Кеудені сағыныш кернеді. «Сағынатын күн туар» деп едің, ардақты ағатай. Қараорман халқыңыз сізді сағынады. Көңілге жұбаныш болатыны – өшпес мұраңыздың бар екені. Сіздің қаламыңыздан туған мазмұнды мақалалар қазақ журналистикасының алтын қорына қосылды. Сол мұра – ертеңгі ұрпақтың рухани азығы, кәсіби жолдағы темірқазығы болары анық.

Қамбар АХМЕТ,  
шәкірті,  
Қазақстан Республикасы  
Президенті баспасөз  
хатшысының орынбасары  
АСТАНА

• ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

## Айналайын

Жалғандағы ғұмырымды жақсылармен жанастырған тағдырыма ризамын! Алайда, сол жақсыларымның қатар сиреп, олар туралы естелік жазудан ауыр дүние жоқ екен. Бойыңды сағыныш кернеп, жүрегіңді ауыр мұң шымырлатады. Зымыраған уақыт... «Атқан оқтай, шапқан аттай» жүйткіп жатыр. Уақыт шіркіннің жалына жармасып, тізгінін тежеген пенде баласы жоқ шығар, сірә. Күн сырғып, айлар аунап, жаныңды жұмыр жүрегің мейіріммен жылытатын, ықыласымен қуаныш сыйлайтын Жақсы ағаның «айналайынның» естімегелі де жыл болып қалды. Әр күні – айға, әр айы – газыраға татитын ауыр жыл. Белгілі қаламгер, парасатты публицист Оралбек ағасыз өткізген бір жыл...

Иә, қадірлі ағаның қасиетті қаламы қантарылып, ормандай оқырманы антарылып қалғалы жылыға айналды. Жақсы ағаны дала-сы жоқтағалы жыл болды. Өзі еркелеп шығып, шыңында тұрып, маңдайын күнге сүйгізетін Ақсораңы да еңкіш тартып, Тоқырауының да арнасы кеміп, ағысынан жаңылғандай... Толқыны жағаны ұрған Көкше теңіздің де көркі тайып, күнге шағылысып жататын айдынын кіреуке шалған. Барлығы Оралбектің іздейді, Оралбектің сағынады, Оралбектің жоқтайды.

Қайран аға, Жақсы аға бөлек еді! Ол да, мен де ауылдың қара сирақ балалары едік. Мен Ораған жүрген жолмен жүрдім. Көркем очерктің шебері атанған Оралбек Жүнісұлының қаламын қалыптастырып, бағыт беріп, бақытына жол ашқан Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газеті болса, менің де алғашқы шығармашылық еңбек жолым осы қасиетті шаңырақтан бастау алған еді. Бағым шығар, ақ жолымның бастауы шығар, Оралбек аға отырған орынға, Орағам отырған кабинетте мен де отырып, қиялымды шарықтатып едім. Жақсы ағам ағаста болған Смағұл ата, Қасым аға, Қасқан аға, Рымбек аға, Мина тәте, Үмітай ағалардың батасын



мен де алған едім. Мен қызметке орналасқанда Балқашқа қоныс аударып, шығармашылық қызметін Көкше көлдің жағасында жалғастырып жатқан Оралбек аға туралы, оның мінсіз болмысы, зінсіз әзілдері туралы осы ағаларымнан еститінмін де, ол кісімен жолығуға құмартамынмын. Тағдырыма тағылым сіңіріп, санама сәуле түсірген ол жүзделулер де кешіккен жоқ.

Қолы қалт еткенде, ұшқан ұясы «Арқа еңбеккері» газетінің редакциясына келіп, ағаларымен айтар әңгімесі, шырқайтын әні сарқылмайды екен. Келісті келбет, қоныр үн, жарасымды қойылып, ұқыпты бастырылған қияқ мұрт әлі күнге көз алдыман кетпейді. Оралбек ағаны алғаш көргенде, ол кісіні киноактеріне ұқсатқаным да әлі есімде.

«Жібек мінезді» деген теңеу жігітке жараса қоймас. Сөз қолдануға келгенде талғамы таудай оқырманыман кешіріп сұрай отырып, дәл осы теңеудің менің Орағам жарасатынын айтқым келеді. Шынымен де, Оралбек аға жібек мінезді жігіттің төресі еді. Әдемі жымиып, жанары нұрланып бастайтын әңгімесін сағындық.

Жүрегінің жылуды, көңілінің нұры жанарында тұратын еді. Тұңғыш жанар, таза жүрек, тұлпар қалам, сұңқар көзқарас, осының бәрі Оралбек ағаның келбеті мен шығармашылық болмысындағы өзіне ғана тән асыл қасиеттері еді.

Алғаш танысқанымызда ағаның «Кімсің? Қайдансың?» деген екі ауыз сұрағының соңы «Айналайын, бәрі жақсы болады!» деген ағалық пейілімен ұштасқан. Сол аппақ пейіл менің шығармашылыққа деген талабымды ұштап, бойыма сенім ұялатып еді. Сол сенімге селкеу түсірмеуге тырыстық. Шынымен де, менде бәрі жақсы болды.

Оралбек аға мағыналы ғұмыр кешті. Алдыңғы толқын ағалардың аманатына адал болып, біз секілді бауырларына қамқор бола білді. Бір ғана «Айналайын!» деген бір ауыз сөзінің өзі жанымызға бүкіл ғаламның мейірімін сіңіріп, бойымызға қуат сыйлайтын. Жұдырықтай ғана жұмыр жүрегі Алашын сүйді, Ақтоғайын ардақтады, Балқаштың базары есееледі. Еңбек адамдарының еңесін жыр-жылы очерктерімен көтеріп, абыройын асқақтатты. Арқа өңірінің тарихын тереңі-

нен толғап, қадау-қадау еңбек жазды. Парызын да, қарызын да адал өткеріп, кешегі мен ертеңгі болашақты күдіретті қаламымен жалғады. Фибратты ғұмыры журналистикаға арнап, сөз өнерінің жілігін шағып, майын ішті. Қасиетті қаламның қарудан мықты, ананың алақанындай жұмсақ екенін дәлелдеді.

Оралбек аға – қату сөз, қасиет әңгіме, дау-дамайдың ордасына айналған әлеуметтік желіге еңселі елағасының мейірімін әкеліп, жүрегінің шуағын сепкен қаламгер. Менің де жазбаларыма, баршаның да базынасына «Айналайын!» деп еміреніп, елдіктің сөзін айтып отыратын ағалығын сағындық!

Орағанның «айналайынның» естігенде өзімізді Алаштың алақанында тұрғандай сезінуші едік. Ол күн де келмесе кетті. «Айналайын» деген сөз айтуға қиын емес. Әркім айтады. Бірақ, тура Оралбек ағам секілді жүрекпен айтып, жүрегіңді баурайтын ағалар аз, өкінішке қарай.

Жақсы адамның қазасы өкіндіреді. Оралбек ағамның қазасы «кер бестің кекіліңдей» келте ғұмырдың мән-мағынасын, сыйластық пен бауырластықтың қадірін дәлелдеп кеткендей. Иә, Ораған баяғы сал-серілердің сарқытындай салтанат құрып, қатар жүрген достарын, сонынан ерген бауырларымен бірге жүргенді жүрегімен қалайтын. Бүгінде інінің ағаға деген құрметі, ағаның ініге деген қамқорлығы сарқылды, Ораған секілді жақсыны іздеп жүретін дәстүр жоғалып бара жатқандай. Міне, жақсы адамның қазасының өкініші осында жатыр. Оралбек ағаның сол жақсы дәстүр, игі жолын жалғастыра аламыз ба? Ол – біз үшін үлкен сынақ, сындарлы сын.

Жақсы аға, мәңгілік жайың жұмақтың төрі болсын! Асыл жеміміз бен ұрпақтарыңызға мағыналы, мәнді ғұмыр тілеймін.

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,  
рухани бауыры

# Рухани болашақ бағдары


Адамзат тарихында әр дәуір өз құндылықтарымен ерекшеленді. Бір кезеңде қылыш пен найза өркениеттің белгісі саналса, кейін қалам мен кітап адамзат дамуының басты құралына айналды. Бүгінде технология мен цифрлық ақпарат үстемдік еткен заманда кітаптың қоғамдағы орны әлсіреп бара жатқандай әсер қалдырады. Әсіресе, жастар арасында кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі – жай ғана мәдени өзгеріс емес, бұл ұлттың рухани болашағына әсер ететін маңызды мәселе.

Қазіргі қоғамда адам бұрынғыдан да көп ақпарат тұтынады. Смартфон мен әлеуметтік желілер бірнеше секунд ішінде мыңдаған мәлімет ұсына алады. Бірақ, дәл осы жылдамдық адамды жүйелі ойландуан алыстатып бара жатқандай. Қысқа бейнероликтер, жеңіл контент пен үздіксіз ақпарат ағыны адамның ұзақ мәнінге назар аудару қабілетіне әсер ете бастады. Соның салдарынан кітап оқу бүгінгі жастардың бір бөлігі үшін рухани қажеттіліктен гөрі міндетке айналып барады.

Бұл мәселе Қазақстанда ғана емес, өзге де елдерде өзекті. Сондықтан, соңғы жылдары мемлекет кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесіне ерекше назар аударып келеді. 2026 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл құжат қоғамның интеллектуалдық және мәдени әлеуетін нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Жарлықта кітап оқу мәдениетін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Сонымен қатар жаңа форматтағы кітапханалар құру, цифрлық сервистерді енгізу, ұлттық әдеби мұраны насихаттау, отандық жазушыларды қолдау, баспа ісін дамыту және жастар арасында тұрақты оқу дағдысын қалыптастыру мәселелері қамтылды. Мемлекет басшысы кітапты тек мәдени құрал емес, зерделі ұлт қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде қарастыратынын осы құжат арқылы нақты көрсетті.

Қарағанды қаласында да бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізіліп келеді.

Ал, Қарағандыдағы жаңа буын оқырмандарына бағытталған ерекше «Qasymkitar» кітапханасын да атап өткен жөн. Бұл кітапхана жастардың кітапқа деген қызығушылығын заманауи формат арқылы оятуға тырысады. Мұнда қатысушылар белгілі бір кітапты бірге оқып, кейін оны еркін талқылайды. Клуб әлеуметтік желілермен белсенді жұмыс істейді және жастарға жақын визуалды әрі интерактивті тәсілдерді қолданады.



Сурет: ЖИ

Баспа үйі Қарағандымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында бар.

Мәселен, Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы дәстүрлі әрі академиялық бағытты ұстанса, «Qasymkitar» баспа үйі еркін пікір алмасуға, жастардың психологиясына бейімделген жаңа тәсілдерге сүйенеді. Бірі – классикалық рухани кеңістік болса, екіншісі – қазіргі заман жастарының интеллектуалдық алаңы.

Президент Жарлығында отандық жазушылар мен ақындарды қолдау мәселесіне де ерекше назар аударылды. Құжатта жас ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген қаламгерлерді қолдау, кітап шығаруға жағдай жасау, баспагерлер мен кітап өнімін таратушыларды ынталандыру мәселелері қамтылған. Сонымен қатар 2027 жылға дейін «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» жаңа Заң жобасын әзірлеу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар әдебиет саласының қоғамдағы ролін күшейтуге бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстанда авторлық құқық мәселелері, жас жазушыларға арналған гранттар, әдеби байқаулар мен мемлекеттік тапсырыстар көлемі де жиі талқыланып келеді. Бұл өзгерістер әдебиет пен кітап индустриясын тек мәдени емес, стратегиялық сала ретінде қарастыра бастағанын көрсетеді.

Дегенмен, жастар арасында кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуінің бірнеше нақты себебі бар. Біріншіден, цифрлық технологиялардың ықпалы өте күшті. Әлеуметтік желілер мен қысқа видеолар адамды ақпаратты тез қабылдауға үйретеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі кітап мазмұнының қысқа түсіндірлімі немесе жеңіл тілді, актуалды, жастар фразаларымен видеороликтердің кең таралымы мазмұнды шығар-

# КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ



маларға керісінше әсерін тигізеді. Мұндай формат көбіне терең талдауды талап етпейді. Соның салдарынан ұзақ мәтінге назар аудару қиындай түседі.

Екіншіден, қазіргі жастар уақыт тапшылығын жиі сезінеді. Оқу, жұмыс, әлеуметтік орта, цифрлық өмір мұның бәрі адамның назарын бөліп жібереді.

Үшіншіден, қоғамдағы кітаптың беделі бұрынғыдай айқын емес. Бұрын кітап оқу интеллигенттіліктің басты белгісі саналса, қазір оның орнын визуалды контент пен жылдам ақпарат басып келеді. Алайда, сарапшылар дәл осындай кезеңде кітаптың маңызы арта түсетінін айтады. Себебі, ақпарат көп болған сайын, оны саралай алатын адамдардың құндылығы да жоғарылайды.

Бүгінде қоғам алдында маңызды таңдау тұр: адам ақпаратты тек тұтынушы болып қала ма, әлде оны түсініп, саралап, өз көзқарасын қалыптастыра алатын тұлғаға айнала ма? Бұл сұрақтың жауабы кітап оқу мәдениетімен тікелей байланысты. Қазіргі Қарағанды кітапханалары да осы өзгерісті түсініп отыр. Сондықтан, олар тек кітап сақтайтын орын емес, жастарды ойлауға үйрететін интеллектуалдық орта қалыптастыруға ұмтылуда. Әдеби кездесулер, пікірталас алаңдары, заманауи оқу клубтары, цифрлық платформалар – мұның бәрі кітап пен жаңа заман арасындағы байланысты сақтап қалуға бағытталған әрекеттер.

Өйткені, мәселе кітап пен технологияның күресінде емес. Мәселе – қоғамның рухани таңдауында. Егер жастар кітаптан алыстай берсе, ақпарат көбейгенмен, ой азаюу мүмкін. Ал, ойлайтын ұрпақ қана елдің интеллектуалдық болашағын қалыптастырады.

**Жаная ҚОПОБАЕВА,**  
ҚарҰЗУ ІІ курс студенті

## • БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# Білім мен тәжірибе тоғысы

Мұғалімдердің біліктілігі мен шеберлігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізіп отырған орталықтар еліміздің барлық өңірінде бар. Соның бірі – Алматы қаласындағы республикалық «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты. Орталықтың әр облыстағы филиалдарында қызмет ететін аға оқытушылардың еңбектері ұшан-теңіз.

Қарағандының әр мектептерінен келген мұғалімдер «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері» атты педагогтердің біліктілігін арттыру курсына дәріс алды. Заман ағымына сай жаңаша оқыту тәсілдерімен қатар оқышыларға тәлім беру қажеттілігін ұқтық. «Білімнің сөзі ем, мейірімі көп, ойы кең» дегендей, курсты жүргізген институттың аға оқытушысы Дидар Кәкенованың дәрісінен мол тәжірибе жиналды.

Курс барысында «ДосболLIKE» бағдарламасының мазмұнымен толықтай таныстық. Бұл әрбір білім беру ұйымында жәбірлеудің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша мақсатты жұмыс жүргізудің қажеттілігін айқындады.

Дидар Берікқызы түрлі жұмыс түрлерін ұсына отырып, оқыту арқылы оқышы тәрбиелеудің тиімді әдістерін ба-

яндап берді. Еркін пікір алмасу аясында тығырықты мәселелерді оңтайлы шешуге, тапсырмалар түрлерін орындауда оларды оқышыларға орындату тәсілдерін де түсінікті жеткізді. Тиімді тәжірибені күнделікті сабақ барысында қалай пайдалануға болатынын зерделеп, түйінді ойлармен тұжырымдамаларымызды барынша толықтырып отырды. Мектеп оқышыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ, инновация мен көпбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды үйрендік.

Дидар Берікқызы – бүгінгі заман талабына сай білімді ұстаз. Әлемдік педагогиканың озық үлгілерін сабақ барысында тиімді қолданады. Үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатынын дәрістер барысында байқатты. Жинаған біліміміздің көкжиегін кеңейтіп, түсінігімізді тереңдетуге курстың көп көмегі тиді. Курс жоғары



денгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың кәсіби сұранысына толық жауап берді. Осындай мазмұнды дәрістер ұстаздардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік беріп, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

**Бакытжамал ТАМАБАЕВА,**  
№23 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет автордан

## ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 21-32-06 жұмыс істейді.

д

## Сергей Викторович ЛОХВИЦКИЙ

2026 жылғы 2 маусымда 92 жасқа қараған шағында көрнекті дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Сергей Викторович Лохвицкий дүниеден озды.



Сергей Викторович Лохвицкий 1935 жылы 16 ақпанда дүниеге келген. Ол И.М.Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу медициналық институтында білім алып, 1958 жылы аталған оқу орнын үздік тәмамдайды. Хирургия саласындағы алғашқы қадамдарын студенттік жылдары госпитальдық хирургия кафедрасының ғылыми үйірмесінде бастады.

Оқу орнын аяқтағаннан кейін Мәскеу қаласындағы №57 қалалық ауруханада еңбек етті. 1964 жылы И.М.Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу медициналық институтының жалпы хирургия кафедрасына қайта оралып, ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырды. Оның ғылыми жетекшілігімен өкпе хирургиясы мен бронхология, гастроктомиадан кейінгі асқынудардың алдын алу, жедел аппендицитпен ауыратын науқастарға хирургиялық көмек көрсетуі ұйымдастыру мәселелері бойынша алты кандидаттық диссертация қорғалды.

1975 жылы Сергей Викторович Қазақстанға келіп, дербес кәсіби қызметін бастады. Сол жылдың қыркүйегінде Қарағанды мемлекеттік медицина институтының №1 госпитальдық хирургия кафедрасының меңгерушісі болып конкурс негізінде сайланды. Ол кафедраны 25 жыл бойы басқарып, госпитальдық хирургияны оқыту әдістемесін жетілдірді, сондай-ақ, субординатура мен интернатурада дәрігер мамандарды даярлауға зор үлес қосты.

Сергей Викторович энциклопедиялық білім иесі, жоғары деңгейлі лектор, талапшыл әрі әділ ұстаз болды. Ол шәкірттері мен әріптестеріне кәсіби шеберлік пен дәрігерлік гуманизм қағидаларын сіңіре білді.

1984-2001 жылдары ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметін абыроймен атқарды. Осы кезеңде жүздеген медицина ғылымдарының кандидаттары мен докторлары даярланды. Сергей Викторович мыңдаған жоғары технологиялық операция жасап, Қазақстандағы ірі хирургиялық ғылыми мектептің бірін қалыптастырды. Оның шәкірттері бүгінде Қазақстанда, Ресей, Өзбекстан, Украина, Молдова, Грузия, Армения, Германия, Израильде және АҚШ-та кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, бас дәрігер және бас хирург болып қызмет атқарады.

Профессор С.В.Лохвицкийдің 800-ден астам ғылыми еңбегі жарық көріп, 100-ден астам өнертабыс пен патенттің авторы атанды.

Ол Қазақстан, Мәскеу және Сургут хирургтар қоғамдарының Құрметті мүшесі, Қарағанды хирургтар қауымдастығының Құрметті төрағасы, Қазақстан хирургтары қауымдастығы басқармасының мүшесі, Н.И.Пирогов атындағы халықаралық хирургтар қауымдастығының мүшесі, Қазақстан Республикасы Медицина ғылымдары академиясының Құрметті академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының және Нью-Йорк ғылым академиясының академигі болды.

Ерен еңбегі мен медицина саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Парасат» орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Сондай-ақ, оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Ардақты дәрігердің, ұлағатты ұстаздың және абзал азаматтың жарқын бейнесі оның шәкірттерінің, әріптестерінің, пациенттерінің, туған-туыстары мен жақындарының, сондай-ақ, оны таныған барша жанның жүрегінде мәңгі сақталады.

**Қарағанды облысының әкімдігі,**  
**Қарағанды облыстық мәслихаты**

# Цифрландыру және сенімділік



Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі елдің экономикалық даму деңгейін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Соның ішінде мемлекеттік қаржыны басқару бюджеттік қаражаттардың дұрыс әрі тиімді бөлінуі, олардың мақсатты жұмсалуды бақылау – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуының негізі. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қазынашылық қызметінің маңызы ерекше. Соңғы жылдары бұл салада орын алған түбегейлі өзгерістердің басты қозғаушы күші – цифрландыру үдерісі. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қазынашылық комитеті құрамындағы Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті заманауи технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік мекемелерге сапалы әрі жедел қызмет көрсетуде.

Мемлекеттік қазынашылық қызмет көрсету жүйесі бүгінде толықтай дерлік цифрлық форматқа көшірілген. Бұл бюджеттік операциялардың ашықтығын арттырып, қаржы қаражатының тиімді жұмсалыуына мүмкіндік береді. Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті мемлекеттік мекемелердің қаржылық операцияларын электрондық жүйе арқылы жүргізеді. Қазіргі уақытта қазынашылық қызмет көрсету «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық жүйені артықшылықтары – құжат айналымының жылдамдығы, қағаз құжаттардың азаюуы, уақытты үнемдеу, қаржылық операциялардың ашықтығы, адами фактордың төмендеуі.

Сонымен қатар, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану құжаттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі елдің экономикалық даму деңгейін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды.

Мемлекеттік қазынашылық – бұл мемлекеттік бюджеттің орындалуын ұйымдастыру, бюджет қаражаттарының қозғалысын есепке алу және бақылау, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің қаржылық операцияларын жүзеге асыруға жауапты жүйе. Бұрынғы дәстүрлі үлгіде бұл қызмет көптеген қағаз құжаттарға, ұзақ уақыт алатын рәсімдерге және адами факторға тәуелді болды.

Цифрландыру осы мәселелерді шешудің тиімді құралы ретінде қалыптасты. Бүгінде қазынашылық қызметтің негізгі бағыттары толық немесе жартылай электрондық форматқа көшірілді. Электрондық құжат айналымы жүйесі, автоматтандырылған есепке алу платформалары, онлайн төлемдер және бірінші ақпараттық жүйелер мемлекеттік қаржыны басқарудың жаңа стандарттарын ұйымдастырады. Цифрлық технологияларды енгізудің басты артықшылықтарының бірі – уақыт үнемдеу және процестерді жеделдету. Егер бұрын төлемдерді жүргізу немесе есептілікті тапсыру бірнеше күн немесе апта алатын болса, қазіргі таңда бұл операциялар бірнеше минут ішінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырып қана қоймай, бюджет қаражаттарының айналым жылдамдығын да арттырады.

Сонымен қатар, цифрландыру ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге маңызды рөл атқарады. Барлық қаржылық операциялар электрондық жүйелерде тіркеліп, сақталады. Бұл кез келген уақытта аудит жүргізуге, деректерді тексеруге және қаржылық тәртіпті бақылауға мүмкіндік береді. Ашықтықтың артуы қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтады.

Заманауи қазынашылық жүйесінің тағы бір маңызды ерекшелігі – нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізу мүмкіндігі. Бұл бюджет қаражаттарының қозғалысын жедел бақылауға, қаржылық тәуекелдерді ерте кезеңде анықтауға және алдын алу шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Сенімділік – мемлекеттік қазынашылық қызметінің негізгі қағидаларының бірі. Цифрландыру бұл

қағидалы нығайтуға айтарлықтай ықпал етеді. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі, деректерді қорғау тетіктері, көпдеңгейлі аутентификация және криптографиялық қорғау әдістері қаржылық ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл мемлекеттік қаржы жүйесіне сыртқы және ішкі қауіптерден қорғануға мүмкіндік береді.

Цифрландырудың тағы бір маңызды әсері – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмендеуі. Электрондық жүйелер арқылы барлық операциялардың тіркелуі және автоматтандырылуы адами факторды азайтады. Нәтижесінде заңсыз әрекеттерді жасыру немесе бұрмалау мүмкіндігі күрт төмендейді. Бұл мемлекеттік басқарудың сапасын арттырып, қоғамның сенімін күшейтеді. Дегенмен, цифрландыру үдерісі белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді. Ең алдымен, ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және қолдану үлкен қаржылық шығындарды талап етеді.

Тағы бір өзекті мәселе – кадрлық әлеует. Цифрлық жүйелерді тиімді пайдалану үшін қызметкерлердің жоғары деңгейдегі цифрлық сауаттылығы қажет. Сондықтан, мемлекеттік органдарда қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, цифрландыру барысында деректердің сапасы мен бірізділігіне ерекше назар аудару қажет.

Қазақстан жағдайында мемлекеттік қазынашылық қызметті цифрландыру бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Электрондық үкімет жүйесінің дамуы, мемлекеттік қаржыны басқарудың ақпараттық платформаларының енгізілуі осының айқын дәлелі. Бұл бастамалар мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып, қаржылық басқарудың сапасын жақсартуға бағытталған. Алдағы уақытта қазынашылық қызметті одан әрі жетілдіру үшін жасанды интеллект, үлкен деректерді талдау, автоматтандырылған болжау жүйелері сияқты заманауи технологияларды енгізу – перспективалы бағыттардың бірі. Бұл бюджет жоспарлау сапасын арттыруға, шығындардың тиімділігін талдауға және стратегиялық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, заманауи мемлекеттік қазынашылық қызмет көрсетуі цифрландыру арқылы түбегейлі өзгеріске ұшырап отыр. Бұл үдеріс мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімділігін, ашықтығын және сенімділігін арттыруға бағытталған. Осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілген жағдайда, мемлекеттік қазынашылық қызмет елдің экономикалық тұрақтылығы мен дамуына елеулі үлес қоса береді. Қазақстандағы мемлекеттік қазынашылықтың цифрландырылуы – мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып, азаматтардың сенімін нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам.

**А.Б.ЛЮБОВ,**  
Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

## Кристина бағындырған биіктік

Жерлесіміз Кристина Овчинникова халықаралық аренада аса мәртебелі жүлдеге ие болды. Польшада биікке секіруден өткен беделді турнирдің қола медалін қанжығалап, Қазақстан ұлттық құрамасының рейтингінде көш бастады. Ол – Қарағанды облысының жоғары спорт шеберлігі мектебінің өкілі.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Польшаның Белосток қаласында World Athletics Continental Tour Bronze сериясына кіретін Miłog Gwiazd na Rynku Kosiuszki сегізінші халықаралық турнирі әлемнің үздіктерін жарыс алаңына жинаған еді. Әйелдер арасындағы биік-

тікке секіру жарысында жерлесіміз 1,87 метрлік биіктікті бағындырды. Бұл – ұлттық құрамадағы спортшылар арасындағы ең үздік нәтиже.

– Бұл спорттық мансабымдағы тартысқа толы ерекше жарыстардың бірі болды деп айта аламын. Дола қалалық алаңда өтті. Мен бұл туралы алдын ала білмеген едім. Рейстің кешігуіне байла-

нысты дене қыздыруға үлгермедім. Еуропадағы жарыстарда жанкүйер өте көп болады. Бұл белгілі бір деңгейде эмоциялық қысым береді. Сонымен қатар, ерекше көңіл-күй де сыйлайды. Өзіңнің жарысың қана қоймай, Қазақстан үшін де өнер көрсететінін сезінесің. Шамалы уақыт өткеннен кейін жанкүйерлердің дауысы ынталандыра бастады, – деді Кристина Овчинникова.

Белостоктағы турнирге әлемдік жеңіл атлетиканың ең мықты өкілдері келді. Жарыс ерлер мен әйелдер арасында биікке секіру, сырықпен секіру, сондай-ақ, ядро лақтыру бағыттарында өтті. Чемпионатқа Қазақстан, Польша, Украина, Грекия, Франция, Португалия, Италия, АҚШ, Мексика, Түркия және Нигерия сияқты 13 елдің 35 спортшысы қатысты.

Биікке секіру секторында жеті спортшы өнер көрсетті. Кристина Овчинникова 1,96 метр нәтиже көрсеткен Париждегі Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Ирина Геращенкоға (Украина) және 1,90 метр биіктікті бағындырған фин спортшысы Элла Юннилага жол берді. Бұл ретте қарағандылық атлет Франция, Түркия және Польша өкілдерінен биігірек секірді.

Таяу күндері қарағандылық жеңіл атлет Германия мен Польшада өтетін халықаралық жарыстарда ел намысын қорғайды. Содан кейін ол Қазақстанға оралып, ел чемпионатына қатысады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## ХОККЕЙ

## «Қыран» қырағылық танытты

Алматыда Төтенше жағдайлар министрлігінің ұйымдастыруымен шайбалы хоккейден алғаш рет ел кубогы өтті. Оған елдің түпкір-түпкірінен сегіз команда қатысып, екі күн бойы өзара мықтыны анықтады. Бұл турнирге өңір атынан қарағандылық «Қыран» командасы да қатысып, турнир жеңімпазы атанды. Әрі команда ойыншысы Никита Рублев турнирдің «Үздік шабуылшы» ретінде танылды.



Турнирдің жабылу салтанатына Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов қатысып, алдағы уақытта дәстүрге айналатынын атап өтті.

Жерлестер алғашқы кездесуінде Солтүстік Қазақстан облысының командасымен кездесіп, 6:5 есебімен жеңіске жеткен. Одан кейін, «Астана» командасын – 6:0, Шығыс Қазақстан облысының командасын 15:5 есебімен тізе бүктіріп, жартылай финалға өткен. Ал, жартылай финалда «Ақтөбе»

командасын 11:8 есебімен шаң қаптырып, ақтық кезеңге жолдама алған. Финалда Алматы қаласының командасынан 6:3 есебімен басым түсіп, чемпион атанды.

– Турнир жоғары деңгейде өтті. Барлық команда керемет дайындықпен келген. Әр ойын тартысты өтті. Мұз айдынында бар күшімізді салып, соңына дейін күрестік.

Құтқарушылар әрдайым төзімділігімен, тәртібі және бірлігімен ерекшеленеді. Сол қасиетіміз жеңіске жетуге көмектесті, – деді шабуылшы Бауыржан Бейсембеков.

Жанбота МЫРЗАХАН

Сурет Төтенше жағдайлар департаментінен

## ҰЛТТЫҚ СПОРТ

## Садақ тартқан, сабыр тапқан

Ертеректе аңшылықта, ел қорғауда, әскери машықта маңызды қару болған садақ бүгінде ұлттық рухты оятып, ұрпақты мергендікке, сабыр мен дәлдікке баулытын спорт түріне айналды. Күні кеше Қарағандыда осы төл өнерді ұлықтаған облыстық чемпионат өтті.

Екі күнге созылған додаға 10 мен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер қатысты. Облыстың әр өңірінен жиналған 100-ге жуық жас мерген бес жас санаты бойынша бақ сынады. Әр санатта шамамен жиырмадан астам спортшы нысана көздеп, өзара мықтыны анықтады.

Сайыс дәстүрлі садақ ату талаптарына сай ұйымдастырылды. Қатысушылар ұлттық үлгідегі садақпен белгілі бір қашықтықта қойылған нысаналарды көздеді. Чемпионат барысында спортшылар жамбы, қалқан және басқа да дәстүрлі нысаналар бойынша сынға түсіп, әр атылған жебенің дәлдігі есепке алынды.

– Қазіргі таңда елімізде дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу ілгері басып келеді. Садақ ату адамның шапшаңдығын, зейінін, төзімін шындайды. Биылғы турнирдің басты ерекшелігі – жас спортшылардың шеберлігі мен қызығушылығының өсуі. Былтырмен салыстырғанда

қатысушылар да көбейген, дайындықтары да мығым. Бұған Қазақстан құрамасының әлем чемпионатындағы жеңісі мен Көшпенділер ойындарынан кейінгі серпін де әсер етті, – деді дәстүрлі садақ атудан Қарағанды облысының бас бапкері Жасұлан Ошанов.

Бапкер дәстүрлі садақ атудың классикалық садақ атудан айырмашылығы бар екенін атап өтті. Классикалық садақ ату олимпиадалық спорт түріне жатса, дәстүрлі садақ ату ұлттық болмыс пен мәдениетті дәріптейді. Мұнда спортшылар ұлттық киім киіп, дәстүрлі садақ пен ағаш оқ қолданады.

Шет ауданы Ақадыр кентінен келген жаттықтырушы Нұрбол Жеңісұлы бұл жолғы чемпионатқа он шәкіртін бастап келген. Оның айтуынша, жас мергендердің дайындығы тәуір. Алғашқы күннің өзінде шәкірттерінің бірқатары жүлделі орындарға ие болып, екеуі республика-



лық додаға тікелей жолдама алған.

– Ата-бабамыздан қалған асыл мұраны жаңғырту – ортақ борыш. 2017 жыл-

дан садақ атуды мектеп қабырғасында үйретуді қолға алдым. Арнайы авторлық бағдарлама бар. Қазір балалар мектепте де, спорт мектебінде де жаттығады. Ба-

сты мақсат – көнені жаңғыртып, ұлттық спортты дамыту, – деді жаттықтырушы.

Жарысқа қатысқан жас спортшылар да садақ ату спорты туралы өз ойымен бөлісті.

– Дәстүрлі садақ ату үйірмесі алғаш мектебімізде ашылған кезде ағайымыз қабілетімізді байқап, осы спортқа баулыды. Садақ атумен айналысып келе жатқаным екі жылға жуық. Басында жаттықтырушымыз бағыт-бағдар көрсетсе, кейін өзім де қызығып, ден қойдым. Дәстүрлі садақ – жай ғана спорт емес, ата-бабамыздан қалған қасиетті қару, әрі асыл мұра, – дейді жас мерген Нұрәлі Төлеуов.

Айта кетейік, бұл долада топ жарған жеңімпаздар ай соңында Орал қаласында өтетін жасөспірімдер арасындағы республикалық долада Қарағанды облысының намысын қорғайды.

Ақжігіт САҒЫНТАЙ

Сурет облыстық садақ ату федерациясынан

## КӨРМЕ

## Табиғат тағдыры – балалар көзімен

Табиғатты аялау – адамзаттың болашағына деген жанашырлықтың белгісі. Осы мақсатта облыстық экология департаменті Балаларды қорғау күніне орай балалар үйі тәрбиеленушілері арасында ұйымдастырған «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» атты шығармашылық сурет байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізді.



Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру. Балалардың шығармашылығы арқылы экологиялық мәселелерге қоғам назарын аудару да байқаудың маңызды бағытының бірі болды. Байқау Балаларды қорғау күні мен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай ұйымдастырылды. 18-28 мамыр аралығында өткен шығармашылық сайысқа 5 пен 18 жас аралығындағы 31 бала қатысып, 30 жұмыс ұсынылды. Қатысушылар табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті насихаттайтын жарқын суреттерін таныстырды.

Балалардың қиялынан туған әрбір сурет табиғаттың тазалығы мен адамзаттың амандығы өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Бірі көгалды орман мен мөлдір суды бейнелесе, енді бірі экологиялық ластану мен оның адам өміріне тигізер зардабын сурет арқылы жеткізген. Әр жұмыстан табиғатқа деген қамқорлық пен шынайы жанашырлық айқын байқалды.

– Бұл суретім арқылы мен табиғаттың екі түрлі күйін көрсеткім келді. Бір жағында жасыл орман, таза ауа, тіршілікке толы әдемі әлем. Ал, екінші жағында зауыттардың түтін, қараңғылық пен ластану. Адамзат табиғатты қорғамаса, жеріміздің болашағы осындай сұр әрі жансыз күйге айналуы мүмкін деген ойды жеткіздім. Әр адам қоршаған ор-

таға жанашырлықпен қараса, болашақ ұрпаққа таза әрі көркем әлем қалдырмай деп сенемін, – дейді байқаудың екінші орын иегері Ринат Свирид.

Марапаттау рәсімінде үздік жұмыстар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға Алғыс хаттар табыстылып, олардың шығармашылық талпыныстарына жоғары баға берілді.

Облыстық экология департаменті мемлекеттік бақылау бөлімінің бас маманы Зейнеп Қоңырбаева мұндай шаралардың өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

– Табиғатты қорғау тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар балалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырып, табиғатқа жанашыр көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді, – деді Зейнеп Қоңырбаева.

Кеш соңында қатысушылар көтеріңкі көңіл-күймен тарқап, ұйымдастырушылар балаларға шығармашылық табыс пен жарқын болашақ тіледі. Табиғатты қорғау тақырыбындағы бұл байқау жас буынның экологиялық санаға бейжай қарамайтынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Санжар ТАМПУЛБАЙ,  
ҚарҰЗУ II курс студенті

Суретті түсірген автор

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparag» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108  
№58 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ерік НАРЫН